

ТӨЛЕМ КАРТАСЫН ШЫҒАРУ ЖӘНЕ ОҒАН ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ТУРАЛЫ ҚОСЫЛУ ШАРТЫ

Осы Төлем картасын шығару және оған қызмет көрсету туралы қосылу шарты (бұдан әрі – Шарт) «Қазақстан Халық Банкі» АҚ (бұдан әрі – Банк) пен Төлем картасын шығаруға өтініш-сауалнама берген жеке тұлға – Клиент арасында жасалды.

Банк пен Клиент бұдан әрі бірлесіп – «Тараптар» деп, ал әрқайсысы жекелей «Тарап» деп немесе жоғарыда көрсетілгендей аталуы мүмкін.

1. Терминдер сөздігі

Шартта қолданылатын терминдер Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын Картаны пайдалану қағидаларында (бұдан әрі – Қағидалар) қолданылатын терминдерге сәйкес келеді, олармен Клиент танысады және Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын Төлем картасын шығаруға өтініш-сауалнамаға қол қою арқылы келісімін береді.

2. Шарттың мәні

2.1. Шарттың талаптары мен тәртібіне сәйкес Банк Клиентке карталар базасындағы ағымдағы шотты (бұдан әрі – Шот) ашады және Клиентке карта шығарып, береді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына, Шартқа және Банктің операциялар жүргізуінің жалпы талаптары туралы қағида мен Банктің басқа ішкі құжаттарына сәйкес Шот пен карта бойынша банктік қызмет көрсетуді қамтамасыз етеді. Клиент картаны алғаннан кейін карта ұстаушы болып табылады.

2.2. Клиентке шығарылатын карталардың саны шектеулі. Бір клиентке шығарылатын/шығарылған карталар лимиті:

1) Жәрдемақыға арналған арнайы шоттар бойынша – 2 (екі) қолданыстағы картадан аспайды;

2) Жәрдемақыға арналған арнайы шоттар бойынша карталарды қоспағанда, дебеттік төлем карталары бойынша – қолданыстағы 5 (бес) картадан аспайды. Бұл ретте Банк әрбір карталық өнім бойынша шығарылатын карталар бойынша қосымша лимиттер белгілеуге құқылы;

3) соңғы 12 айда шығарылған карталардың жалпы саны – 10 (оннан) аспайды. Бұл ретте клиентке жаңа карталарды шығару/карталарды қайта шығару кезінде Клиенттің қолданып жүрген карталарының жалпы саны осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында белгіленген лимиттерден аспауы тиіс.

Қазақстан Республикасының резиденті емес бір клиентке шығарылатын карталар саны – 1 (бірден) аспайды. Банк Өзін-өзі жұмыспен қамтыған резидент емес клиенттерге карта шығармайды.

Лимиттен асқан жағдайда жаңа карта шығару мүмкін емес.

2.3. Мультивалюталық карта шығарған кезде қызметтер пакетіне байланысты Банк Клиенттің атына Төлем картасын шығаруға өтініш-сауалнамада көрсетілген валюталарда 3 (үш) немесе 5 (бес) Шот ашады, бұл ретте теңгеде Шот ашу міндетті болып табылады.

2.4. Банк Клиенттің атына ашылған Шоттың нөмірін Шот ашылғаннан кейін Клиент Банкке келген кезде Клиенттің сұрауы бойынша Клиентке берілетін, Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын Карталар базасында ашылған 20-таңбалы ағымдағы шот туралы хабарламада (бұдан әрі – Хабарлама) көрсетеді.

2.5. Клиент картаны Қағидаларға және Шартқа сәйкес қабылдап алуға және пайдалануға, Шотқа, карталарға қызмет көрсету бойынша Банктің қызметтерін төлем жүргізілетін күнгі қолданыстағы Тарифтерге сәйкес уақытында ақы төлеуге міндеттенеді.

2.6. Клиент Төлем картасын шығаруға өтініш-сауалнамада өз қолын қою арқылы не ОТР-парольмен немесе электрондық цифрлық қолтаңбамен Төлем картасын шығаруға өтініш-сауалнаманы қағаз тасығышта өз қолын қоймай растау арқылы Шартқа қосылады. Клиенттің Төлем картасын шығаруға өтініш-сауалнамасын Банктің қабылдауы Клиенттің Шартқа қосылғандығын білдіреді.

Қосымша картаны ұстаушы клиент картаны алған күннен бастап карта ұстаушысы болып табылады.

2.7. Егер Клиентке Банк пен Клиент арасында бұрын бекітілген, осы Шарт болып табылмайтын шарттың негізінде карта ауыстырылатын болса, онда Клиент картаны қайта шығаруға өтінішке қол қою/ОТР-парольмен растау кезінде бұрын бекітілген Шартқа сәйкес жаңа редакцияда берілгендігімен және Шарт талаптарының картаны бастапқы шығарған күні туындаған Тараптардың қарым-қатынастарына қолданылатындығымен келіседі.

2.8. Клиенттің қалауы бойынша оның өтініші негізінде Банк Клиенттің өтінішінде көрсетілген тұлғаның/тұлғалардың атына қосымша карта (-лар) шығаруы мүмкін. Мұндай тұлға немесе тұлғалар қосымша картаны ұстаушы (-лар) болып табылады. Клиент пен қосымша карта ұстаушы Шарт талаптарының орындалуы үшін Банк алдында ортақ жауапкершілік арқалайды. Бір клиентке шығарылатын қосымша карталар саны шектелген – 3 (үштен) аспайды. Банк Өзін-өзі жұмыспен қамтығандар үшін үшінші тұлғаларға қосымша төлем картасын шығармайды.

2.9. Клиентке оның төлем картасын шығаруға өтініші бойынша жәрдемақы үшін карталар базасында арнайы ағымдағы шот (бұдан әрі – Жәрдемақыға арналған арнайы шот) ашылған жағдайда, Банк Жәрдемақыға арналған арнайы шотты тек мынадай операцияларды жүргізіп, оған қызмет көрсетумен байланысты банктік қызметтерді көрсетеді:

2.9.1. Клиенттің тауарларды және/немесе жұмыстарды және/немесе қызметтерді Жәрдемақыға арналған арнайы шоттан төлеу бойынша және/немесе Жәрдемақыға арналған арнайы шоттан ақша аудару туралы нұсқауларын орындайды. Жәрдемақыға арналған арнайы шотты қолма-қол ақшамен толықтыру жүргізілмейді;

2.9.2. Жәрдемақыға арналған арнайы шотқа тек мемлекеттік бюджеттен төленетін жәрдемақы сомасы және/немесе Әлеуметтік сақтандыру бойынша мемлекеттік қордан төленетін әлеуметтік төлемдерді ғана есепке алады. Клиенттің Банкте ашылған және басқа банктерде ашылған шоттарынан аударатын ақшасын, сондай-ақ Клиенттің пайдасына басқа тұлғалар аударатын, мемлекеттік бюджеттен төленетін жәрдемақы сомасы және (немесе) Әлеуметтік сақтандыру бойынша мемлекеттік қордан төленетін әлеуметтік төлем сомасы болып табылмайтын ақшаны Банк Жәрдемақыға арналған арнайы шотқа есепке алмайды (қабылдамайды) және ақшадан бас тартып, жөнелтушіге кері қайтарады;

2.9.3. Жәрдемақыға арналған арнайы шот бойынша шығыс операцияларын үшінші тұлғалар тек Клиенттің атынан берілген, нотариалды куәландырылған сенімхат негізінде, сондай-ақ Клиенттің заңды өкілдері қолданыстағы заңнамада қарастырылған тәртіппен жүзеге асырады;

2.9.4. Осы тармақтың 2.9.1–2.9.3-тармақшаларында сипатталмаған басқа операциялардың барлығына тыйым салынады.

2.10. Клиентке оның төлем картасын шығаруға өтініші бойынша алимент аудару үшін карталар базасында арнайы ағымдағы шот (бұдан әрі – Алимент алуға арналған шот) ашқан жағдайда Банк Алимент алуға арналған шот бойынша келесі операцияларды ғана жүргізеді және оған қызмет көрсетуге байланысты банктік қызметтер ұсынады:

2.10.1. Клиенттің тауарларды және/немесе жұмыстарды және/немесе қызметтерді Алимент алуға арналған шоттан төлеу бойынша және/немесе Алимент алуға арналған шоттан ақша аудару туралы нұсқауларын орындайды. Алимент алуға арналған шотта бар берешекті өтеу үшін Банк кассасы арқылы қолма-қолма ақша салу жағдайларын қоспағанда, Алимент алуға арналған шотты қолма-қол ақшамен толықтыру жүргізілмейді;

2.10.2. Алимент алуға арналған шотқа тек алименттерді (кәмелет жасқа толмаған және кәмелет жасқа толған еңбекке жарамсыз балаларды бағуға арналған ақша) аударады. Клиенттің Банкте және басқа банктерде ашылған басқа банктік шоттарынан өзі, сонымен қатар үшінші тұлғалардың Клиент пайдасына Алимент алуға арналған шотқа аударатын, алимент болып табылмайтын ақшасын Банк есепке алмайды және бас тартып, жөнелтушіге кері қайтарады;

2.10.3. Алимент алуға арналған шот бойынша шығыс операцияларын Клиент атынан берілген нотариалды расталған сенімхаттың негізінде ғана үшінші тұлғалар, сонымен қатар Клиенттің заңды өкілдері қолданыстағы заңнамада көзделген тәртіпте жүргізе алады;

2.10.4. осы тармақтың 2.10.1–2.10.3-тармақшаларында сипатталмаған барлық басқа операцияға тыйым салынады.

2.11. Тарифтерге сәйкес Priority Pass клубтық картасы берілетін картаны шығару барысында Банк www.prioritypass.com сайтында орналастырылған Priority Pass тәуелсіз бағдарламасының талаптарына және Банктің ішкі ережелеріне сәйкес Priority Pass клубтық

картасын шығарады және оны Клиентке ұсынады. Тарифтерге сәйкес Dragon Pass клубтық картасы берілетін картаны шығару барысында Банк <http://en.dragonpass.com.cn> сайтында орналастырылған Dragon Pass тәуелсіз бағдарламасының талаптарына және Банктің ішкі ережелеріне сәйкес Dragon Pass клубтық картасын шығарады және оны Клиентке ұсынады.

2.12. Банк Тарифтер мен Банк және «Халық-Life» АҚ арасында бекітілген топтық сақтандыру шартына/Банк және «Халық» сақтандыру компаниясы» АҚ арасында бекітілген топтық сақтандыру шартына сәйкес «Халық-Life» АҚ-да Клиенттің өмірін жазатайым жағдайлардан сақтандыруды /Қазақстан Республикасының аумағында және шет елде жазатайым жағдайлардан және тосын аурулардан сақтандыруды «Халық» сақтандыру компаниясы» АҚ-да жүзеге асыруға құқылы. Сақтандыру сақтандыру жүргізілетін айдың бірінші күніндегі жағдай бойынша карта бойынша қызмет көрсетілгені үшін ай сайынғы комиссияны төлеу бойынша 2 (екі) айдан артық борышы болмаған жағдайда жүзеге асырылады, бұл ретте карта жарамды болуы қажет. Сақтандыру талаптарымен Клиент www.halykbank.kz электрондық мекенжайы бойынша таныса алады.

Осы арқылы Клиент «Халық-Life» АҚ-да жазатайым оқиғалардан/Қазақстан Республикасының аумағында және шетелде «Халық» сақтандыру компаниясы» АҚ-да жазатайым оқиғалардан және тосын аурулардан клиенттің өмірін сақтандыруды жүзеге асырған жағдайда, өзінің дербес деректерін «Халық-Life» АҚ-ға, «Халық» сақтандыру компаниясы» АҚ-ға беруге өзінің келісімін білдіреді;

2.13. Осы арқылы Клиент Банкке төлем карталарын шығару және қызмет көрсету мақсатымен жүгінген кезде Банк автоматты түрде синхрондау рәсімін жүргізуіне өзінің сөзсіз және қайтарымыз келісімін береді. Синхрондау Банктің ақпараттық жүйелеріндегі ол бойынша қолда бар мәліметтермен оның деректерін жаңартуды көздейді.

2.14. Картадан/картаға ақша аударымын жүзеге асыру/алу үшін «Visa Direct» және «MasterCard MoneySend» жүйелерін пайдала отырып мобильді телефон нөмірі арқылы (аударым рәсімдеу кезінде алушының карта нөмірін көрсетпей) Клиент Интернет-банкінге «Сенімді нөмір+карта» байланысын қоса алады. Егер Клиент «Сенімді нөмір + карта» байланысын өздігінен тағайындамаса, Банк Клиенттің қолданыстағы кез келген дебеттік картасы бойынша осындай байланыс орната алады және халықаралық төлем жүйесіне осы байланысты бере алады.

Аударымды алушының мобильді телефон нөмірі бойынша ақша аударымдарын жүзеге асыру/алу мүмкіндігін алу мақсатында Клиент өзінің дербес және/немесе басқа да деректерін жинауға, өңдеуге (оның ішінде мобильді телефон нөмірі) және осы деректерді және «Сенімді нөмір+карта» байланысын Visa International/ MasterCard Worldwide/UnionPay International/ American Express халықаралық төлем жүйелеріне беруге келісімін береді.

2.15. Банкке сақтандыру жөніндегі бірыңғай дерекқордан Клиентке қатысты сақтандыру есептерін алу мүмкіндігін беру және сақтандыру шарттарының қолданылу мерзімінің аяқталғаны туралы ақпаратты Клиентке жеткізу мақсатында Клиент мыналарға келіседі:

Клиенттің дербес және / немесе өзге де деректерін жинау, өңдеу және осы деректерді кредиттік бюроға беруге;

кредиттік бюроның Клиент туралы қолжетімділігі шектеулі сақтандыру есебін ұсынуына;

Банктің Клиент туралы қолжетімділігі шектеулі сақтандыру есебін алуына;

«Халық» тобына (Банк және оның еншілес ұйымдары) кіретін ұйымдарға қолжетімділігі шектеулі сақтандыру есебін беруге.

2.16. Осы арқылы Клиент:

- дербес, биометриялық және/немесе басқа да деректерді жинауға, өңдеуге және осы деректерді кредиттік бюроға беруге;

- Банктің мемлекеттік және мемлекеттік емес дерекқорлардан (бұдан әрі – МДҚ) Клиент туралы ақпарат алуына;

- кредиттік бюроның Клиент туралы МДҚ-дан алған ақпаратты Банкке беруіне;

- кредиттік бюроның МДҚ-дан Клиент туралы ақпаратты МДҚ операторларынан/иелерінен алуына;

- МДҚ иелерінің Клиент туралы ақпарат беруіне;

- Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғаға – клиент туралы қолда бар және болашақта келіп түсетін ақпаратты ұсынуға;

- Банктің «Туыстық қатынастар» МДҚ-дан немесе туыстық байланыстар бойынша басқа да МДҚ-дан Клиент туралы ақпарат, оның ішінде балалары туралы мәліметтер алуына;

- Банктің салық құпиясын құрайтын мәліметтерді, дербес медициналық деректерді, сондай-ақ заңмен қорғалатын құпияның өзге де түрлерін қамтитын МДҚ-дан Клиент туралы ақпарат алуына;

- China UnionPay Co Ltd клиентінің дербес деректерін жинауға және өңдеуге және оларды QR-кодты пайдалана отырып төлемдерді жүзеге асыру мақсатында China UnionPay Co Ltd тартатын үшінші тұлғаларға беруіне;

- China UnionPay co Ltd, Visa International дербес деректерді өңдеу процесінде трансшекаралық беруді жүзеге асыруға.

- Visa International клиентінің дербес деректерін Click to Pay қызметін пайдалана отырып, төлемдер жүргізуі мақсатында жинауға және өңдеуге өзінің келісімін береді.

Дербес деректерді жинауға, өңдеуге келісім Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес дербес деректерді сақтау мерзімі ішінде қолданылады. Дербес деректерді жинау және өңдеу ҚР заңнамасына қайшы келмейтін тәсілдермен жүзеге асырылады. Дербес деректерді жинауға және өңдеуге келісім беру дербес деректерді жалпыға қолжетімді көздерде тарату және дербес деректерді Банктің және China UnionPay co Ltd, Visa International банктік қызметтер мен шартты орындауына байланысты емес кез келген үшінші тұлғаларға беру мүмкіндігін болдырмайды.

2.17. Осы арқылы Клиент Банктің биометриялық деректерді сәйкестендіру тәсілі ретінде пайдалануына (оның ішінде дауыс бедерін алуға) өзінің сөзсіз және қайтарымсыз келісімін береді.

2.18. Осы арқылы Клиент Банктен сенімді нөмірге жарнамалық сипаттағы таратылымдарды алуына өзінің сөзсіз және қайтарымсыз келісімін білдіреді.

2.19. Клиенттің мерзімді негізде банктік заемдар алуына байланысты Клиент Банктен Клиентке заемдар алу туралы ұсыныстар жіберуін сұрайды. Осыған байланысты Клиент Банктің кредиттік бюродан кредиттік есеп және басқа да ақпарат алуға, сондай-ақ кредиттік бюроның осы ақпаратты Банкке беруіне өзінің сөзсіз және қайтарымсыз келісімін береді.

2.20. Жылдам төлемдер жүйесін (бұдан әрі – ЖТЖ) пайдалана отырып картадан/картаға ақша аударымын жасау/алу үшін Клиент дербес, биометриялық және/немесе басқа да деректерін жинауға, өңдеуге және осы деректерді ЖТЖ операторына беруге өзінің келісімін береді.

2.21. Шотта қалған ақшаға сыйақы есептеуді Банк жүргізбейді.

2.22. Клиент-қосымша картаны ұстаушының картаға қандай да бір жапсырмалар жапсыруға құқығы жоқ.

2.23. Банктің депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесіне қатысуы туралы хабарлама және кепілдік берілген өтемді төлеу мерзімдері, тәртібі туралы, оның ішінде өтеудің талап етілмеген сомасын аудару туралы ақпаратты қоса алғанда, бірақ онымен шектелмей, депозиттерге кепілдік беру мәселелері жөніндегі өзге де ақпарат Банктің web-сайтында орналастырылады.

2.24. Осымен Клиент Клиенттің Банкке телефон арқылы кез келген өтінішін Банк жазу құрылғысының көмегімен тіркей алатынына өзінің келісімін білдіреді. Бұл ретте Банк Клиентке телефон арқылы сөйлесуді жазудың (бұдан әрі – Жазба) басталғаны туралы хабарлайды.

Жазба Тараптар арасындағы дауларды шешу, дауыстық қызмет көрсету арналарында клиенттер тәжірибесін жақсарту, сондай-ақ дауыстық қызмет көрсету арналарында клиенттерге қызмет көрсету сапасын бақылауды талдау мақсатында пайдаланылуы мүмкін.

2.25. Осы арқылы Клиент Банкке және UnionPay International халықаралық төлем жүйесіне QR-кодты пайдалана отырып, жүргізілетін төлемдер шеңберінде Токенді шығаруға және пайдалануға өз келісімін береді.

2.26. Банк Клиентті Интернет-банкингте тіркеген жағдайда Клиенттің картасын пайдалана отырып, жүргізілген әрбір операция бойынша Push-хабарлама жібереді. Бұл ретте, Push-хабарлама Halyk мобильді қосымшасы орнатылған ұялы телефон экранында немесе клиенттердің Halyk Widget SDK-ға ауысуы жүзеге асырылатын Серіктестің мобильді қосымшасында көрсетіледі.

2.27. Клиент Клиенттің үшінші тұлғалардан ақшаны, оның ішінде заемдарды және/немесе микрокредиттерді есепке жазу/алу үшін картаны таңдаған кезінде, Клиент пен ақша жөнелтуші арасындағы қатынастар Банктің қатысуынсыз дербес реттелетінін түсінеді және келіседі.

Клиент пен ақша жөнелтуші арасында алынған сомаларға, оның ішінде оларды алу негіздеріне, сондай-ақ Клиенттің ақша жөнелтуші алдындағы міндеттемелерін орындауына қатысты келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Клиенттің Банкке қандай да бір шағымы

болмайды. Клиент Банкті тартпай-ақ, ақша жөнелтушімен туындаған келіспеушіліктерді дербес шешеді.

2.28. Осы арқылы Клиент Банкке және халықаралық төлем жүйесі Visa International-ға барлық карталары бойынша Click to Pay-ді қосуға өз келісімін береді.

2.29. Банк Өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың Шотына Өзін-өзі жұмыспен қамтығандарға рұқсат етілген кәсіпкерлік қызметтен түскен кірісті есепке алады.

2.30. Клиент Банкке клиент сондай-ақ ҰТК QR пайдалана отырып та аударымдар мен төлемдер жасаған кезде дербес және/немесе өзге деректерін жинауға, өндеуге және осы деректерді ҰТК мен Банкке беруге келісім береді.

3. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

3.1. Клиент:

3.1.1. Картаны/Priority Pass/Dragon Pass клубтық картасын Қағидалар мен Шарт талаптарына сәйкес пайдалануға;

3.1.2. Шот бойынша үзінділер алып отыруға;

3.1.3. Қағидалар мен Шартта қарастырылған тәртіпке сәйкес картаны бұғаттау /картаны бұғаттан шығару туралы Банкке ауызша және/немесе жазбаша өтінішпен баруға;

3.1.4. Банкке сыйақы негізінде (Тарифтерге сәйкес) Шот бойынша түрлі Төлем карталары жүйелерінің карталарын ресімдеуге;

3.1.5. картаның қолданылу мерзімі аяқталғанда Банкке оны ауыстыруға өтініш жасауға;

3.1.6. Төлем жүйелерінің жүйесімен есеп айырысу валютасы АҚШ доллары/еуро/Ресей рублі/Біріккен Корольдіктің фунт стерлингі/Қытай юані/БАӘ дирхамы болып табылатын операцияларды 1 АҚШ долларынан/1 еуродан немесе олардың басқа валютадағы баламасынан кем болмайтын сомаға даулауға;

3.1.7. цифрлық карта бойынша – интернет жүйесінде жасалған және ай сайынғы үзіндіде көрсетілген кем дегенде 5 (бес) операцияны Шот бойынша операция жүргізілген күннен бастап күнтізбелік 40 (қырық) күннен кешіктірмей даулау (үзіндіде көрсетілген операциялар бойынша аталған мерзім ішінде Банкке жазбаша кінәрат қойылмаған жағдайда бұлар расталған болып есептеледі және одан әрі шағымдануға жатпайды). Көрсетілген нормадан тыс операциялар бойынша кінәрат талаптарын Банк цифрлық картаны жоғалту/ұрлату себебіне байланысты ауыстырылған жағдайда ғана қарастыруға қабылдайды;

3.1.8. Банкті жазбаша немесе Интернет-банкинг жүйесі арқылы хабардар ете отырып, белгілі бір уақыт кезеңі ішіндегі карталық операциялардың жекелеген түрлеріне және карта бойынша қолжетімді ең жоғары сомаға шектеулер қоюға;

3.1.9. Интернет-банкинг жүйесінің қызметтерін Қағидаларға, Шартқа, карталарды пайдаланумен жүргізілген операциялар туралы үзінділер түрінде хабарламаларды алуды қоса алғанда, Банк пен Клиент арасындағы Интернет-банкинг қызметтерін көрсету тәртібін реттейтін талаптарға (бұдан әрі – Интернет-банкинг қызметтерін көрсету талаптары) сәйкес пайдалануға;

3.1.10. Алып тасталды

3.1.11. Тарифтерге сәйкес Priority Pass/Dragon Pass клубтық картасы берілетін карта бойынша:

3.1.11.1. әуежайлардың VIP-залдарына қолжетімділік және әуежай залдары анықтамалығының тізіміне енген әуежайлардың VIP-залдарында кепілдендірілген дербес қызмет түрлерін алуға:

Priority Pass клубтық картасы бойынша – Priority Pass тәуелсіз бағдарламасының талаптарына сәйкес. Priority Pass бағдарламасы бойынша ақпарат www.prioritypass.com сайтында орналастырылған;

Dragon Pass клубтық картасы бойынша – Dragon Pass тәуелсіз бағдарламасының талаптарына сәйкес. Dragon Pass бағдарламасы бойынша ақпарат <http://en.dragonpass.com.cn> сайтында орналастырылған;

Lounge Key қызметі бойынша – Lounge Key тәуелсіз бағдарламасының талаптарына сәйкес. Lounge Key бағдарламасы бойынша ақпарат <https://www.loungekey.com> сайтында орналастырылған;

3.1.11.2. Priority Pass/Lounge Key тәуелсіз бағдарламасы бойынша әуежай залдары анықтамалығының тізіміне енген әуежайлардың VIP-залдарына қонақтарды шақыруға;

3.1.11.3. Priority Pass /Dragon Pass карталарының жарамдылық мерзімінің өтуі бойынша Банкке оны айырбастау үшін жүгінуге;

3.1.11.4. Priority Pass /Dragon Pass карталары жоғалған/ ұрланған жағдайда оларды бұғаттау және қайта шығару;

3.1.11.5. үзінді көшірмеде көрсетілген әуежайлардың VIP-залдарына барғандығын шоттан есептен шығару күнінен бастап күнтізбелік 45 (қырық бес) күннен кеш емес мерзімде келіспеушілік танытуға (Банкке белгіленген мерзім ішінде үзінді көшірмеде көрсетілген әуежайлардың VIP-залдарына барғандығы бойынша жазбаша наразылығы ұсынылмаған жағдайда, барғандығы расталған болып саналады және әрі қарайғы шағым жасауға жатқызылмайды);

3.1.11.6. құжат жүзінде расталған, әуежайлардың VIP-залдарына барудан бас тартқан жағдайда, Priority Pass/Dragon Pass/Lounge Key клубынан Шотқа ақша аудару жолымен, қолма-қол емес тәртіпте әуежайлардың VIP-залдарына бару құнын қайтарып беруді талап етуге (орнын толтыруды қолма-қол ақшамен жүргізуге болмайды);

3.1.12. Қағидаларда көзделген тәртіппен «Бейнеқоңырау» қызметі арқылы электрондық банктік қызметтерді алу үшін Банкке өтініш білдіруге құқылы.

3.2. Клиент:

3.2.1. Қазақстан Республикасының заңнамасының, Шарттың талаптарын, Интернет-банкинг қызметтерін ұсыну шарттарын орындауға;

3.2.2. ДСН-кодын теру және/немесе карта ұстаушының қолымен және/немесе интернет желісінде тауарлар мен қызметтер үшін ақы төлеу кезінде 3D Secure/SecureCode/Authentication Mode by UPI паролін дұрыс теру және/немесе CVV2-кодын немесе CVC2-кодын көрсету арқылы куәландырылған, картаның көмегімен жүргізілген операциялар бойынша толық көлемде есеп айырысуға;

3.2.3. Банк қызметтеріне ақыны Тарифтерге сәйкес төлеуге;

3.2.4. карта жоғалған немесе ұрланған жағдайда Банкке Қағидаларда қарастырылған тәртіпке сәйкес картаны бұғаттау туралы дереу ауызша немесе жазбаша өтініш білдіруге;

3.2.5. картаның (пластиктің) материалдық тасығышының сақталуын қамтамасыз етуге;

3.2.6. өз деректемелерінің (Т.А.Ә., тұратын жерінің мекенжайы және т.б.) өзгергені туралы Банкке 5 (бес) банктік күн ішінде жазбаша хабардар етуге. Егер Клиент Шарттың 3.3-тармағының 3.3.21-тармақшасына сәйкес сұратуды байланыстың ашық арналары бойынша жасаған жағдайда, Шот бойынша ақпарат алу үшін пайдаланылатын деректемелердің өзгертілгені туралы Банкті дереу хабардар етуге міндетті;

3.2.7. үшінші тұлғалардың Интернет-банкингте операциялар жасау үшін парольдерді жіберу бойынша қызметтерді ұсыну үшін пайдаланылатын сенімді нөмірді, қауіпсіздіктің неғұрлым жоғары деңгейін талап ететін 3D Secure кодтарын пайдалану мүмкіндігін болдырмауға;

3.2.8. Банкті «SMS-парольдерін жеткізу» сервисіне қосылған мобильді телефон нөмірін, сенімді нөмірді пайдалануды тоқтатқандығы туралы хабардар етуге;

3.2.9. Клиенттің карталарына/Шотқа рұқсатсыз қол жеткізілгені анықталғанда немесе рұқсатсыз қол жеткізуге, оларды пайдалану арқылы/ол бойынша рұқсатсыз операциялар жүргізуге күдіктер туралы Банкке дереу хабарлауға және картаны бұғаттау бойынша әрекеттер жасауға;

3.2.10. Банктен тиісті жазбаша хабарламаны немесе SMS-хабарламасын алғаннан кейін карталар бойынша алаяқтық операциялардың алдын алу мақсатында картаны пайдалануды тоқтатуға;

3.2.11. Шотқа қате есептелген ақшаны, сондай-ақ Шотты дұрыс жүргізбеген кезде Шотқа есептелген ақшаны Банкке дереу және толық көлемде қайтаруға;

3.2.12. егер ақша аударымы анықтауы Шарттың 5.2-тармағында берілген техникалық ақау себебінен орындалса, Банк қате жүргізген ақшаны оның шотына, оның ішінде екінші деңгейдегі басқа банкте ашылған банктік шотына қайтаруға;

3.2.13. салық органдарымен есеп айырысудың барлығын өздігімен дербес жүргізуге;

3.2.14. картаны кәсіпкерлік қызмет үшін (Өзін-өзі жұмыспен қамтығандарға арналған картаны қоспағанда), сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынған басқа да заңсыз мақсаттарда, оның ішінде тауарларға, жұмыстарға және/немесе қызметтерге ақы төлеу үшін пайдаланбауға;

3.2.15. Шартты бекіткен кезде клиенттің Банкпен ерекше қарым-қатынастағы тұлғаларға жататындығы туралы ақпарат беруге;

3.2.16. Шот бойынша соңғы операцияны жүргізген күннен бастап күнтізбелік 6 (алты) айдан астам уақыт бойы Шотта ақша болмаған жағдайда және Картаға жылдық қызмет көрсету үшін сыйақы төлемеген жағдайда Банкке осыған байланысты туындаған берешекті толық көлемде төлеуге;

3.2.17. Қазақстан Республикасынан тыс елдерге баратын кезде Банктің www.halykbank.kz электронды мекенжайында орналастырылған фродо-қауіпті елдер (карталар бойынша алаяқтық операциялар тәуекелі жоғары елдер) тізімімен танысып алуға;

3.2.18. Клиенттің кінәсінен және/немесе Картаны бұғаттауға байланысты Банк шеккен ақылға қонымды шығыстарды және сот шығындарын сөзсіз өтеуге;

3.2.19. Шоттағы өз ақшасынан артық және кредит лимитінен артық соманың жұмсалуына (бұдан әрі – Овердрафт) жол бермеуге. Овердрафтқа жол берілген жағдайда Клиент жол берілген Овердрафт сомасын дереу өтеуге және Банк Овердрафт орын алған сәттен бастап, күнтізбелік 8-ші күннен есептелінетін Овердрафт толығымен өтелген күн бойынша есептелген Берешек сомасынан жылдық 10% (он пайыз) мөлшерінде жол берілген Овердрафт үшін Банкке тұрақсыздық айыбын төлеуі тиіс;

3.2.20. цифрлық карта бойынша:

3.2.20.1. цифрлық картаны интернет желісіндегі тауарлар мен қызметтерге кейін цифрлық картаны ұсыну талап етілмейтін ақы төлеу үшін пайдалануға (әуе/театр билеттеріне, қонақ үйлерге, автомобильдерге бронь жасау);

3.2.20.2. Интернет желісінде тапсырыс берілген және цифрлық карта арқылы ақысы төленген тауардан/қызметтен бас тартылғанда, кәсіпкерден сатылым құнын қолма-қол ақшасыз тәртіппен, ақшаны Шотқа есепке салу арқылы қайтаруды талап етуге (өтеу сомасы қолма-қол ақшамен берілмейді);

3.2.20.3. цифрлық картаны заңсыз пайдаланудың алдын алу үшін Банктің нақты шеккен, құжатпен расталған шығысы мөлшеріндегі Банк шығыстарын өтеуге;

3.2.20.4. Шотқа бөгде адамдардың рұқсатсыз қол жеткізу әрекеттері болғандығы анықталған жағдайда және Шартта және Қағидаларда қарастырылған жағдайларда цифрлық картаны пайдалануды тоқтатуға және нұсқауларға сүйене отырып әрекет жасауға;

3.2.21. Интернет-банкингте жұмыс істегенде:

3.2.21.1. Интернет-банкингте операциялар жүргізу үшін қол жеткізу құқығын берумен байланысты Банктің қоятын талаптарын орындауға;

3.2.21.2. Интернет-банкингте жүргізілетін операциялар үшін Банктің тарифтеріне сай комиссиялық сыйақы төлеуге;

3.2.21.3. жеке авторизациялау параметрлері (пайдаланушының аты, пароль, оның ішінде Halyk мобильді қосымшасында және/немесе SDK Halyk Widget арқылы Серіктестің мобильді қосымшасында қолжетімді Клиентті сәйкестендірудің қосымша нысандары), Токен құрылғысы, SMS-хабарламасы түрінде берілетін бірреттік пароль, Токен құрылғысы арқылы шығарылған пароль туралы ақпаратты басқа тұлғаларға жария етпеуге/бермеуге. Бұл ретте осы жағдайға байланысты туындауы мүмкін шығыстар мен шығындардың барлығын Клиент өзі өтейді және оның Банктен өтеуді талап етуге құқығы жоқ;

3.2.21.4. Клиенттің банк шоттарына рұқсат етілмеген қол жеткізу фактілері немесе рұқсат етілмеген қол жеткізудің күдікті әрекеттері анықталған жағдайда, Интернет-банкинг арқылы операциялар жүргізуге қол жеткізуді бұғаттау мақсатында Банкті дереу хабардар етуге;

3.2.21.5. Интернет-банкинг қызметтерін пайдалануға қосылу шартына сәйкес Интернет-банкингті пайдалануды жүзеге асыру;

3.2.21.6. қауіпсіздік ережелерін және Интернет-банкинг қызметтерін беру талаптарын сақтауға, әрбір жұмыс сеансынан кейін Интернет-банкингте жұмыс істеу үшін ашылған интернет желісімен қосылу сессияларының барлығының жабылуын қамтамасыз етуге;

3.2.22. міндетті зейнетақы жарналарының, міндетті кәсіби зейнетақы жарналарының есебінен Зейнетақы жинақтарының шотына БЖЗҚ-дан түсетін қолма-қол ақшаны шешу үшін Банк комиссиясынсыз қолма-қол ақшаны Шоттан шешіп алу үшін Клиент Банкке тиесілі/оның Банкке тиесілі екенін көрсететін банкоматтарды немесе Банктің бөлімшелерінде орнатылған POS-терминалдарды пайдалануы қажет;

3.2.23. Банкке өз міндеттемелерін орындау үшін қажетті Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Банктің ішкі құжаттарымен қарастырылған құжаттарды және ақпаратты, оның ішінде бенефициарлық меншік иелері туралы ақпаратты ұсыну;

3.2.24. Тарифтерге сәйкес Priority Pass/Dragon Pass клубтық картасы берілетін карта бойынша:

3.2.24.1. Priority Pass/Dragon Pass/Lounge Key тәуелсіз бағдарламаларының талаптарын сақтау;

3.2.24.2. Priority Pass / Dragon Pass клубтық карталарын Priority Pass / Dragon Pass тәуелсіз бағдарламалары бойынша әуежай залдары анықтамалығының тізіміне енген әуежайлардың VIP-залдарына кіру үшін ғана пайдалануға;

3.2.24.3. Visa/MasterCard төлем картасын пайдалану арқылы, Priority Pass/Dragon Pass клубтық картасымен жүргізілген Priority Pass/Dragon Pass/Lounge Key бағдарламасымен әуежайлардың VIP-залдарына кіргені үшін толық көлемде есеп айырысу. Priority Pass/Dragon Pass/Lounge Key бағдарламасымен әуежайлардың VIP-залдарына кіргені үшін қызметінің төлеу/Банк шығындарын өтеу үшін Карт-шотта ақша болмаған/жетіспеген жағдайда Клиенттің міндеттемелерді Шарттың осы тармағаның талаптарына сәйкес бұзуына байланысты Банк алдында Шарт бойынша міндеттемелері туындайды және Шартта көзделген жауапкершілігі бар Овердрафт түрінде ескеріледі. Клиенттің Берешекті өтеуі Шарттың 3.3-тармағында көзделген тәртіпте жүзеге асырылады;

3.2.24.4. Priority Pass / Dragon Pass клубтық карталарының сақталуын қамтамасыз ету;

3.2.24.5. Priority Pass / Dragon Pass клубтық карталарын жоғалтқан немесе ұрлатқан жағдайда тез арада Банкке Priority Pass / Dragon Pass клубын құлақтандыру қажеттілігі туралы және Шартта қарастырылған тәртіпте Priority Pass / Dragon Pass клубтық карталарын қайта шығару туралы ауызша немесе жазбаша өтінішпен жүгінуге;

3.2.24.6. Priority Pass / Dragon Pass клубтық карталарын үшінші тұлғалардың заңсыз түрде пайдалануының алдын алу бойынша Банкке келген шығындардың орнын құжат түрінде расталған Банктің нақты тартқан шығындары көлемінде толтыруға;

3.2.24.7. Клиенттің кінәсінен, оның ішінде Priority Pass/Dragon Pass карталарын жоғалтқаны немесе ұрлатқаны туралы өз уақытында хабардар етпудің салдарынан Банктің тартқан қисынды шығындары мен зияндарын және сот шығындарының орнын толтыруға;

3.2.25. Тауарларды, жұмыстарды және/немесе қызметтерді төлегенде Бонустық клуб жұмысының талаптарын қабылдауға және сақтауға;

3.2.26. интернет желісінде карталық операцияларды тек 3D Secure/SecureCode/Authentication Mode by UPI паролін пайдаланумен ғана іске асыруға (интернет-дүкен 3-D Secure/SecureCode технологиясын қолданған жағдайда) және 3D Secure/SecureCode/Authentication Mode by UPI паролінің құпиялылығын сақтауға;

3.2.27. «Қолма-қол ақшаны картасыз алу» қызметін меншікті ақшасын алу үшін ғана өз бетінше қолдануға және үшінші тұлғалардың «Қолма-қол ақшаны картасыз алу» қызметін пайдалану мүмкіндігін болдырмауға;

3.2.28. Банк шығарған төлем картасын үшінші тұлғаларға бермеуге;

3.2.29. Карта деректемелерінің және CVV2-кодтың құпиялылығын сақтау бойынша оңтайлы шаралар қабылдауға және 3D Secure/SecureCode/ Authentication Mode by UPI, CVV2-код паролін басқа тұлғаларға айтпауға/бермеуге;

3.2.30. мобильді құрылғылар арқылы төлемдерді іске қосу үшін қажетті ақпаратты (ТАӘ, карта нөмірі, CVV2/CVC2, картаның әрекет ету мерзімі, SMS-хабарлама түрінде ұсынылатын пароль) жарияламауға/басқа тұлғаларға бермеуге **міндеттенеді**. Бұл ретте осыған байланысты туындауы мүмкін барлық шығыстар мен залалдарды Клиент өз бетінше көтереді және Банктен оларды өтеуді талап етуге құқығы жоқ.

3.2.31. QR-кодты пайдаланып төлем жасау кезінде операция сомасының дұрыстығын тексеру.

3.3. Банк:

3.3.1. мыналарды өзгертуге, мәтіннің жаңа редакциядағы мазмұнын қоса алғанда, толықтыруға:

3.3.1.1. Шарт талаптары, Қағидалар, Тарифтер;

3.3.1.2. Шартта, Қағидаларда анықталмаған банктік қызмет көрсетудің өзге талаптары;

3.3.2. Клиенттің қосымша келісімінсіз Шоттан оны тікелей дебеттеу арқылы, соның ішінде Шотты бұғаттаған кезде:

3.3.2.1. карталық операцияның сомасын;

3.3.2.2. Шотқа қате есептелген ақшаны;

3.3.2.3. Клиенттің Шотына қызмет көрсетілгені үшін сыйақыны төлеу бойынша берешегін;

3.3.2.4. Клиенттің Банк алдындағы, соның ішінде Банкпен жасалған басқа да банктік шот туралы шарттар, төлем картасын шығару және қызмет көрсету туралы шарттар бойынша өзге де берешек түрлерін;

3.3.2.5. орын алған овердрафт сомасын және өнімге сәйкес белгіленген мөлшерлеме бойынша күнтізбелік 8-ші күннен есептелінген тұрақсыздық айбының сомасын;

3.3.2.6. Шот дұрыс жүргізілмеген кезде Шоттағы ақша сомасын бұғаттау мерзімі ішінде Шотқа түскен ақшаны (тек Шоттан алынады). Осындай ақша сомасының алынатыны туралы Банк Клиентті Шоттан ақша алынған күні электрондық почта/мобильді байланыс/факс/хабарламаны жеке табыстау/курьерлік қызмет/тапсырысты хат арқылы хабардар етеді (Клиенттің қандай қызметтерге қол жеткізе алатынына және Банктің пікірі бойынша Клиентке ең қысқа мерзімде жеткізілетін жеткізу тәсіліне байланысты);

3.3.2.7. Клиенттің/ Клиент қонақтарының әуежайлардың VIP-залына кіруі үшін төленетін соманы;

3.3.2.8. санкцияланбаған төлемнің, ақша аударымының сомасын;

3.3.2.9. Төлем карталары жүйесі ұсынған айыппұл сомасын алуға;

3.3.2.10. Клиенттің Қағидаларда белгіленген міндеттер мен шектеулерді бұзуын қоса алғанда, Клиенттің Жеке тұлғаларға арналған бонустық клубтың жұмыс істеу қағидаларын сақтамауына байланысты туындаған, Клиенттің Бонустар бойынша берешек сомасын;

3.3.2.11. егер Клиент бонустық шоттағы/Шоттағы есептелген қалдықтан артық бонустарды/Cash back пайдаланған жағдайда (тауарды қайтару жағдайларын қоса алғанда, кез келген себептер бойынша) дебиторлық берешектен туындаған/бонустық шот/Шот бойынша залал сомасын;

3.3.2.12. техникалық ақау және/немесе қате есептелген бонустар/Cash back жағдайында бұрын есептелген бонустарды/Cash back бонустық шоттан немесе Шоттан ақшаны;

3.3.2.13. егер берешек Шарттың 5.2-тармағында көрсетілген техникалық ақау нәтижесінен пайда болса, Шот бойынша Клиент берешегінің сомасын;

3.3.3. Шот бойынша кіріс және шығыс операцияларды жүргізген кезде карталық операцияның валютасы Шоттың валютасынан басқа болса, операция жүргізу сәтінде бағам қолданылатын Reversal операциясын қоспағанда, айырбастауды Банкте белгіленген ағымдағы бағам бойынша Клиенттің қосымша келісімінсіз жүргізуге;

3.3.4. карталық операция жүргізілген күннен бастап күнтізбелік 45 (қырық бес) күн өткен соң, сондай-ақ, егер картаны пайдаланумен жүргізілген төлем рұқсат етілмеген болып табылса, Клиенттің/қосымша карта ұстаушының карталық операция бойынша ұсынған талап-арызын қарастыруға қабылдамауға;

3.3.5. Клиент картаның қолданылу мерзімі аяқталған күннен күнтізбелік 30 (отыз) күн өткен соң Банкке Шартты бұзу /Шарттан бас тарту туралы жазбаша өтініш ұсынған жағдайда, төлем картасына қызмет көрсетілгені үшін төленген сыйақыны Клиентке қайтармауға;

3.3.6. картаны мынадай жағдайларда уақытша бұғаттауға (оның ішінде оны кейіннен алып қою құқығымен) және қажет болған жағдайда Интернет-банкингте функционалдылықты шектеуге:

3.3.6.1. Клиент/қосымша карта ұстаушы Шарт талаптарын және/немесе Қағидаларды, соның ішінде Шарттың 2.2-тармағына сай карта шығару бойынша лимиттерді бұзған жағдайда;

3.3.6.2. Клиенттен картаның жоғалғаны/ұрланғаны туралы хабарлама алған кезде, сондай-ақ Шотқа рұқсатсыз қол жеткізілгенде;

3.3.6.3. уәкілетті мемлекеттік органдардың және/немесе лауазымды адамдардың Шот бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру, Шоттағы ақшаға тыйым салу, мүлікке билік етуге уақытша шектеу туралы шешімдері/қаулылары, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ақшаны алып қою құқығы бар үшінші тұлғалардың нұсқаулары Банкке келіп түскен жағдайда. Бұл жағдайда карта картаның бүкіл қолданылу мерзіміне немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік органдардың және/немесе лауазымды адамдардың шешімдері орындалғанға/кері қайтарылғанға дейін бұғатталады.

3.3.6.4. Банкте картаны және/немесе Клиенттің деректерін пайдалана отырып, клиенттің/үшінші тұлғалардың алаяқтық немесе өзге де құқыққа қайшы әрекеттеріне күдік туындаған жағдайда, Клиенттің картасын бұғаттау және Клиенттің Интернет-банкингке кіруін шектеу;

3.3.6.5. алаяқтардың картаның деректемелерін (картаның нөмірі, қолданылу мерзімі және басқа да деректер, кейбір жағдайларда ДСН-код) құпиясыздандырғаны туралы Төлем карталары жүйелерінен хабарлама келіп түскен жағдайда;

3.3.6.6. Банк банкоматтарында ұсталғанда;

3.3.6.7. Шартта, Қағидаларда және/немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған өзге жағдайларда;

3.3.6.8. Жәрдемақыға арналған арнайы шотты қоспағанда, Шот бойынша соңғы операция жасалған күннен бастап 12 (он екі) айдан астам Шот бойынша ақша қозғалысы (кіріс және/немесе шығыс төлемдер мен ақша аударымдары) болмаған кезде;

3.3.7. Шотты мынадай жағдайларда (оның ішінде Шот бойынша шығыс операцияларын тоқтату арқылы) бұғаттауға:

3.3.7.1. Клиент /қосымша картаны ұстаушы Шарт талаптарын және/немесе Қағидаларды бұзған жағдайда;

3.3.7.2. уәкілетті мемлекеттік органдардың және/немесе лауазымды адамдардың Шот бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру, Шоттағы ақшаға тыйым салу, мүлікке билік етуге уақытша шектеу туралы шешімдері/қаулылары, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ақшаны алып қою құқығы бар үшінші тұлғалардың нұсқаулары Банкке келіп түскен жағдайда;

3.3.7.3. Клиенттің Банк алдындағы кез келген міндеттемелері бойынша берешегі, Банкпен жасалған өзге банктік шот туралы шарттар, төлем картасын шығару және қызмет көрсету туралы шарттар бойынша берешегі болған жағдайда;

3.3.7.4. Шотқа ақша қате есептелген жағдайда;

3.3.7.5. Клиент қайтыс болғанда;

3.3.7.6. Клиент Қағидаларда белгіленген міндеттер мен шектеулерді бұзуды қоса алғанда, Жеке тұлғаларға арналған бонустық клубтың жұмыс қағидаларын бұзған жағдайда;

3.3.7.7. Банктің оларға қатысты заңға қайшы деп күдік келтірілген немесе Бонустық клуб шеңберінде өткізілетін акцияларға/науқандарға, Бонустық клубтың қағидаларына немесе Клиентпен жасалған шарттарға сәйкес келмейді деп пайымдауға негіз болған Клиенттің Бонустары бойынша операциялар жасалған жағдайда;

3.3.7.8. Шартта және /немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған өзге жағдайларда;

3.3.7.9. Банктің заңсыз деп пайымдауына күдігі немесе негізі бар карталық операциялар жасалған жағдайда.

3.3.8. мынадай жағдайларда картаның/қосымша картаның/ Priority Pass/ Dragon Pass клубтық карталарының күші жойылады және картаға қызмет көрсету үшін төленген сыйақы Клиентке қайтарылмайды:

3.3.8.1. карта /қосымша карта/ Priority Pass/ Dragon Pass клубтық картасы шығарылған күннен бастап күнтізбелік 3 (үш) айдан астам уақыт бойы Клиент/қосымша картаны/ Priority Pass/ Dragon Pass клубтық картасын ұстаушы картаны /қосымша картаны алуға Банкке келмеген жағдайда;

3.3.8.2. жоғалған немесе ұрланған карта бұғатталған күннен бір және одан да көп ай өткенде;

3.3.8.3. осы тармақтың 3.3.6-тармақшасында қарастырылған картаның уақытша бұғатталған күнінен алты және одан көп ай өткенде;

3.3.8.4. алаяқтардың карта деректемелерін (карта нөмірін, қолданыс мерзімі мен басқа да деректерді, кейбір жағдайларда ДСН-кодты) құпиясыздандырғаны туралы ХТЖ-дан хабарлама келіп түскен кезде карта бұғатталған күннен бір және одан көп ай өткенде;

3.3.8.5. Жәрдемақыға арналған арнайы шотты қоспағанда, Шот бойынша соңғы операция күнінен 12 (он екі) айдан аса уақыт бойынша Шот бойынша ақша қозғалысы (шығын және/немесе кіріс төлемдері мен ақша аударымдары) болмағанда.

3.3.9. Банк рұқсат етілмеген деп саралаған операциялар бойынша немесе Клиент рұқсат етілмеген операциялар туралы өтініш білдірген кезде Банк Visa International/MasterCard Worldwide/UnionPay International/American Express халықаралық төлем жүйелерінің операциялық қағидаларына сәйкес, соның ішінде Клиенттің жазбаша өтініші болмаған кезде карталық транзакцияларды даулау бойынша іс-шараларды жүзеге асыру құқығын өзіне қалдырады;

3.3.10. Шартты бекіткен кезде Клиенттің Банкпен ерекше қатынаспен байланысқан тұлғаларға жататындығы туралы ақпаратты талап етуге;

3.3.11. Шот бойынша шығыс операциялары Қазақстан Республикасы заңнамасының және Банктің ішкі ережелерінің талаптарына сәйкес келмеген жағдайда оларды жүргізуге тыйым салуға;

3.3.12. өзінің қарастыруы бойынша Клиентке карта шығарудан бас тартуға;

3.3.13. сыйақы негізінде (Тарифтерге сәйкес) Шот бойынша өнім талаптарымен анықталған түрлі Төлем карталары жүйелерінің карталарын ресімдеуге, сондай-ақ Банкте белгіленген нысанмен үшінші тұлғаларға Шот бойынша қосымша карталарды ресімдеуге;

3.3.14. алаяқтық операцияларды болдырмауға және Клиентті Шотқа рұқсат етілмеген қол жеткізуден қорғау мақсатында картаны пайдалану арқылы Карталық операция түрлеріне және берілетін қолма-қол ақшаның ең жоғарғы сомасына шектеулер қоюға;

3.3.15. алаяқтық операцияларды болдырмау мақсатында үшінші тұлғалардың пайдасына операциялар жасауға және ұялы операторлардың пайдасына төлемдер жүргізуге сома бойынша шектеулер белгілуге және осындай операцияларды Интернет-банкингте растау үшін сәйкестендіру әдістерін дербес анықтауға;

3.3.16. картаға қызмет көрсетудің екінші және кейінгі жылдары үшін сыйақы төлемеген жағдайда /картаның қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты картаны қайта шығаруға өтінішті Банкке күнтізбелік 2 ай ішінде бермеген жағдайда картаны шығару және қызмет көрсету бөлігінде Шартты орындаудан бас тартуға;

3.3.17. Шартты орындаудан бас тартуға және Клиенттің Шотты жабу туралы өтінішінсіз Шотты жабуға:

3.3.17.1. Жәрдемақыға арналған арнайы шотты қоспағанда, Шот бойынша соңғы операция күнінен бастап 12 (он екі) айдан астам уақыт бойы Шот бойынша ақша қозғалысы (кіріс және/немесе шығыс төлемдері және ақша аударым) болмаған жағдайда, 12 (он екі) ай өткеннен кейін Клиентке Шот бойынша ақша қозғалысының болмауы туралы хабарлама жіберу жолымен. Егер Банк хабарламасында көрсетілген мерзім ішінде Клиент Шот бойынша операцияны жаңартпаса, Банк Шоттағы ақша қалдығын нотариустың депозитіне аударуға, Шотты жабуға және Шартты бұзуға құқылы;

3.3.17.2. Шотта бір жылдан астам ақша болмаған кезде, Шотқа қойылған орындалмаған талаптардың болуына қарамастан, хабарлама жасалған күннен бастап бір күнтізбелік ай өткен соң Клиентке Шартты орындаудан бас тарту және Шотты жабу туралы Push-хабарлама немесе SMS-хабарлама жіберу арқылы;

3.3.18. Қосымша карталарды ұстаушыларды, оның заңды өкілдерін қоса алғанда, Клиент Шот бойынша соңғы шығыс операцияларын жүргізген күннен бастап 12 (он екі) ай ішінде Клиент Шот бойынша операция жүргізбеген болса, шоттағы қалдық сомасына қарамастан, Шотқа қозғалыссыз шот мәртебесін беруге. Қозғалыссыз шот мәртебесі Present карталарына, Кредит карталарына ашылған Шоттарға берілмейді.

Шотқа қозғалыссыз шот мәртебесі берілгеннен кейін келесі айдан бастап және Шотта ақша қалдығы бар болған жағдайда, Банк Шотқа қызмет көрсеткені үшін Банкке тиесілі комиссиялық сыйақы сомасын, сондай-ақ Шоттың талабы болған кезде берешек сомасын Банктің тарифтеріне сәйкес тікелей дебеттеу жолымен алып алуға құқылы. Шотқа қызмет көрсеткені үшін Банкке тиесілі комиссиялық сыйақы сомасын алып алу:

Шотқа «қозғалыссыз шот» мәртебесі берілгеннен кейін және бұл ретте Шотқа ашылған барлық карталар «қозғалыссыз шот» мәртебесі берілгенге дейін жабылғаннан кейін;

«қозғалыссыз шот» мәртебесі бар Шотқа ашылған соңғы карта жабылғаннан кейін жүргізіледі.

Қозғалыссыз шоттан белсенді шотқа мәртебені өзгерту қосымша карталарды ұстаушыларды, заңды өкілдерді қоса алғанда, Клиенттің төлем картасы мен ДСН-кодты пайдалана отырып операциялар жүргізуі арқылы автоматты түрде жүзеге асырылады.

3.3.19. егер Клиент жалақысын Шот арқылы алатын болса, Клиенттің жұмыс берушісіне Шарт талаптары туралы, Клиенттің ЖСН-і туралы ақпаратты, сондай-ақ банктік құпия болып табылатын, ашылған Шот нөмірі туралы, жалақыны есепке алу үшін қажетті мәліметтерді береді, ал Клиент бұған осы арқылы өзінің сөзсіз және қайтарып алынбайтын келісімін береді.

Бұл ретте Клиент банктік құпия болып табылатын мәліметтерді ашу үшін Банкке беретін жазбаша келісімі Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын Төлем картасын шығаруға өтініш-

сауалнамаға Банкке өзі келген сәтте қол қою арқылы, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен берілгендігін растайды;

3.3.20. Клиент картаны/Шотты жабуға/Шартты бұзуға өтініш берген күннен кейін 30 (отыз) күннің ішінде түскен ақша сомасын өтеуді талап етуге және аталған соманы Клиенттің шотынан алып алуға;

3.3.21. егер Клиент Банкке сұратуды ашық байланыс арналары бойынша жіберген немесе Шот бойынша мәліметтер жіберу жөнінде нұсқауды осындай байланыс арналары арқылы жөнелткен болса, Шот туралы мәліметтерді байланыстың ашық арналары (оның ішінде SMS-хабарламасы, e-mail, факс, телефон арқылы) бойынша жіберуге. Осы арқылы Клиент осы тармақшаға сәйкес Банктен ашық байланыс арналары бойынша жіберілетін ақпаратқа үшінші біреулердің рұқсатсыз қол жеткізу тәуекелі бар екендігін түсінетіндігін растайды және мұндай тәуекел қаупі үшін жауапкершілікті қабылдайды;

3.3.22. Клиенттің төлем картасының (карталарының) қолданылу мерзімі аяқталғанда/жабылғанда және/немесе Интернет желісінде 30 күннен артық автоматты төлемдерді төлеу үшін Шотта бірнеше рет ақша жетіспеген жағдайларда Клиент Интернет желісінде тауарлар мен қызметтерді төлеу үшін орнатқан автоматты төлемдерді өздігінен тоқтатуға (қызметтерді жеткізушілердің интернет-дүкендерінде/веб-сайттарда);

3.3.23. қолданыстағы заңнама талаптарының орындалуын тексеру мақсатында жүргізілетін операцияға қатысты қосымша ақпаратты және құжаттарды, сондай-ақ Банкте жоқ мәліметтерді және/немесе құжаттарды Клиенттен талап етуге;

3.3.24. Клиенттің Интернет-банкингтің қызметтеріне қол жеткізуін уақытша бұғаттауға немесе мына жағдайларда қызметтен ажыратуға:

3.3.24.1. егер, Банктің пікірінше, мұндай шара Интернет-банкингтің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қажет болса;

3.3.24.2. дербес парольді үшінші рет дұрыс енгізбегеннен кейін және бұны қауіпсіздік жүйесін бұзу деп қарастыру;

3.3.24.3. Клиент авторизациялаудың жеке параметрлері (логин, пароль, Токен, сонымен қатар Halyk мобильді қосымшасында немесе SDK Halyk Widget арқылы Серіктестің мобильді қосымшасында қолжетімді Клиентті сәйкестендірудің қосымша нысаны) туралы ақпаратты басқа тұлғаларға берілгені анықталған фактісі бойынша. Бұл кезде Банк мұндай ақпараттың басқа тұлғаларға берілгені анықталғанға дейін Клиент жүргізген операциялар үшін жауапкершілік арқаламайды, өйткені бұлар Клиенттің өзі жүргізген операциялары болып есептеледі;

3.3.25. операциялардың орындалуын мынадай жағдайларда:

3.3.25.1. Шоттағы ақшаға Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес тыйым салынған болса немесе ол бойынша операцияларды Клиент тоқтатқан болса немесе Шот бойынша шығыс операциялары уәкілетті мемлекеттік органдардың және/немесе лауазымды тұлғалардың шешімдері/қаулылары бойынша уақытша тоқтатылған немесе уәкілетті мемлекеттік орган немесе лауазымды тұлға мүлікке иелік етуге уақытша шектеу қою туралы шешім қабылдаған болса;

3.3.25.2. жүргізілген операция Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес келмесе;

3.3.25.3. жүргізілген операцияға Банктің сыйақысын төлеу үшін Шотта ақша жеткіліксіз болса;

3.3.25.4. Клиент жүргізілетін операцияның деректерін дұрыс (толық) көрсетпесе, оны жүргізу кезеңі сақталмаса;

3.3.25.5. Клиенттің ағымдағы шоты/Карталар базасындағы ағымдағы шоты/жинақ шоты бұғатталғанда/жабылғанда;

3.3.25.6. Банктің пікірінше Homebank-тің қауіпсіздік амалдары бұзылса немесе бұзуға әрекеттер болса тоқтата тұруға;

3.3.26. Шот дұрыс жүргізілмеген кезде Шотқа ақша түскен жағдайда Шоттағы ақшаны түскен ақша сомасы мөлшерінде бұғаттауға. Шоттың дұрыс жүргізілмеуі – бұл Банктің Шотқа қызмет көрсеткен кезде туындайтын және Шотқа бір соманы екі рет есепке салуды, операция кодын дұрыс термеуді, валюталар бағамын дұрыс ауыстырмауды, операцияны соңына дейін аяқтамауды, бухгалтерлік қателіктерді (баланстық жазбалардың дұрыс көрсетілмеуі, рұқсат етілмеген баланстық жазбалар) білдіретін жағдайлар болып табылады. Шот дұрыс жүргізілмеген кезде Шоттағы ақша сомасы бұғатталған жағдайда Банк Шоттан ақша сомасын алып қояды, Шот

бойынша түзетулер, түзету жазбаларын жүргізеді. Шот дұрыс жүргізілмеген кезде Шоттағы ақша сомасының бұғатталғаны туралы Банк Клиентті Шот бұғатталған күні электрондық почта/мобильді байланыс/факс/хабарламаны жеке табыстау/курьерлік қызмет/тапсырысты хат арқылы хабардар етеді (Клиенттің қандай қызметтерге қол жеткізе алатынына және Банктің пікірі бойынша Клиентке ең қысқа мерзімде жеткізілетін жеткізу тәсіліне байланысты). Клиент осы арқылы Шот дұрыс жүргізілмеген кезде Банктің Шотқа түскен Шоттағы ақша сомасын бұғаттауына сөзсіз және қайтарып алынбайтын келісімін білдіреді. Шоттағы ақша сомасын бұғаттау мерзімі Шоттың дұрыс жүргізілмеуі анықталған сәттен бастап бір банктік күннен аспауға тиіс;

3.3.27. Клиент бастамашылық еткен карталық операция бойынша жүргізілген карталық операция бойынша төлем құжатын алғанға дейін, бірақ 1 (бір) айдан аспайтын мерзімге шоттағы ақшаны авторизациялау сомасына бұғаттау;

3.3.28. «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамына, «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ-ға, Қазақстан Республикасының Еңбек және тұрғындарды әлеуметтік қорғау министрлігіне клиенттің ең аз қажет етілетін дербес деректерін, клиенттің банктік құпия болып табылатын, Банктің көрсетілген акционерлік қоғамдармен бекіткен Шарт талаптарын орындау үшін қажетті мәліметтерін (Т.А.Ә. (бар болса), туған күні, ЖСН, Жәрдемақыға арналған арнайы шоттың/ашылған шоттың нөмірі туралы мәліметтер, сондай-ақ күні көрсетілген соңғы шығыс операциялары туралы ақпарат) беруге. Осы арқылы Клиент Банкке осындай мәліметтерді аталған үшінші тұлғаларға беруге өзінің келісімін береді.

3.3.29. Priority Pass/Dragon Pass/Lounge Key клубын, оның ішінде Priority Pass/Dragon Pass клубтық картасын кейіннен алып алу құқығымен хабардар етуге:

3.3.29.1. Клиенттен Priority Pass/Dragon Pass картасының жоғалғаны/ұрланғаны туралы хабарлама алғанда, сондай-ақ ол рұқсатсыз пайдаланылғанда;

3.3.29.2. Клиент Шарт талаптарын және/немесе Priority Pass/Dragon Pass/Lounge Key бағдарламасының талаптарын бұзған жағдайда;

3.3.30. Шотты банкоматтарда/өзге де қашықтықтан сату арналарында қолма-қол ақшамен немесе Шотқа/картаға аударым жіберу жолымен толықтыру кезінде, Банк Шотқа ақша есептелгенге дейін толықтыру сомасы есебінен Клиенттің Банк алдындағы кез келген міндеттемелері бойынша, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ақшаны алып қоюға құқығы бар үшінші тұлғалардың нұсқаулары бойынша берешегін өтеуге құқылы.

3.3.31. Клиенттен (оның өкілінен) Клиентті (оның өкілін) сәйкестендіру үшін мәліметтер мен құжаттарды ұсынуын талап етуге, сондай-ақ салық резиденттілігі туралы ақпаратты, қызмет түрін және жүргізілген операциялардың қаржыландыру көзін, жүргізілетін операцияларымен байланысты құжаттармен қамтамасыз етуді талап етуге;

Клиенттен (оның өкілінен) қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы Банктің ішкі нормативтік құжаттарында және рәсімдерінде көзделген және (немесе) халықаралық экономикалық санкцияларда белгіленген талаптарды орындау шеңберінде өзге де мәліметтер мен құжаттарды ұсынуды талап етуге;

3.3.32. Клиентке мұндай операциялар қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландыру мақсатында, сондай-ақ халықаралық экономикалық санкциялардың талаптарын бұзу/жалтару мақсаттары үшін жүргізіліп отыр деген күдік туындаған жағдайда Шот бойынша шығыс операцияларын жүргізуден бас тартуға және (немесе) Клиенттің банктік шоты бойынша барлық шығыс операцияларын тоқтатуға;

3.3.33. Шартты бұзуға бағытталған шараларды қабылдауға, оның ішінде:

3.3.33.1. «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңында және Банктің ішкі құжаттарында көзделген шараларды қабылдау мүмкін емес;

3.3.33.2. егер кез келген елдің (мысалы, АҚШ, Еуропалық Одақ, Ұлыбритания және т. б.) немесе халықаралық ұйымның (соның ішінде, бірақ онымен шектелмей, FATF және БҰҰ) юрисдикциясына сәйкес салынған Клиентке қатысты санкциялар болса;

3.3.33.3. Клиент жасаған операцияларды зерделеу процесінде Клиент іскерлік қатынастарды қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) немесе

терроризмді қаржыландыру мақсатында пайдаланады деген күдік туындаған;

3.3.33.4. Банктің Клиенттің операциялары қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) немесе терроризмді қаржыландыру мақсатында пайдаланылады және/немесе халықаралық экономикалық санкциялар қолданысына түседі не халықаралық экономикалық санкциялардан жалтаруға бағытталған деп пайымдауға негіздемелер болған;

3.3.33.5. Шот бойынша шығыс операцияларын жүргізуден бірнеше рет бас тартылған не Клиенттің банктік шоттары бойынша барлық операциялар тоқтатылған;

3.3.33.6. қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы қарсы іс-қимыл туралы Банктің ішкі құжаттары мен рәсімдерінде көзделген жағдайларда Клиентпен іскерлік қатынастарды Шарттан біржақты бас тарту арқылы тоқтатуға;

3.3.34. Егер мұндай бас тартуды немесе тоқтатуды әрекеті Банк пен Клиентке таралатын кез келген елдің (мысалы, АҚШ, Еуропалық Одақ, Ұлыбритания және т. б.) немесе халықаралық ұйымның (оған қоса, бірақ мұнымен шектелмей FATF мен БҰҰ) құзыретіне сәйкес салынған санкцияларға сай Банк іске асырса, Клиенттің кез келген операциясын жүргізуден бас тартуға немесе жүргізілуін тоқтатуға құқылы және Клиент мұнымен сөзсіз келіседі;

3.3.35. Жеке тұлғаларға арналған бонустық клубтың жұмыс істеу қағидаларын белгілеуге және Клиент мұнымен сөзсіз келіседі. Жеке тұлғаларға арналған бонустық клубтың жұмыс істеу қағидалары Банктің www.halykbank.kz корпоративтік сайтына орналастырылады;

3.3.36. Клиентке/қосымша карта ұстаушыға карталық операция жүргізілгенге дейін, сонымен қатар жүргізілгеннен кейін жиналған бонустардың көлемі туралы ақпаратты POS-терминалдың (соның ішінде мобильдік) көмегімен беруге қолжетімділікті Банкпен карталарға қызмет көрсету туралы шарт жасаған кәсіпкерге беруге Банктің құқығы бар және Клиент/қосымша карта ұстаушы мұнымен сөзсіз келіседі;

3.3.37. «Халық» тобына кіретін ұйымдарға (Банкке және оның еншілес ұйымдарына), Банк аудиторларына, «Инфокус» ААҚ-ға, Visa International/MasterCard Worldwide/ UnionPay International/ American Express халықаралық төлем жүйелеріне, Priority Pass/Dragon Pass/ Lounge Key, Aspire Concierge Services LLC, Boingo Wireless Inc, Collinson International Ltd клубтарына, сондай-ақ Қазақстан Республикасындағы шетелдік дипломатиялық өкілдіктер мен консулдық мекемелерге олардың сұрау салуы бойынша Шоттың бар екендігі туралы ұсынылған анықтамаларды растау мақсатында шот иесі ретінде Клиент туралы мәліметтерді (ТАӨ, туған күні, ЖСН, код сөзін қоспағанда, Шарт бойынша ашылған шот нөмірі туралы, шарт талаптары туралы мәліметтер) беруге;

3.3.38. «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ хатын алған күннен бастап 5 жұмыс күнінен кешіктірмей зейнетақы, жәрдемақы алушының Шотынан алушы қайтыс болғаннан кейін не ол Қазақстан Республикасынан тыс жерге тұрақты қоныс аударғаннан кейін не төлем жасау негіздері тоқтаған және жоғалған жекелеген жағдайларда немесе асырауындағы адам қайтыс болған жағдайда артық аударылған зейнетақыны, жәрдемақыны қайтаруға;

3.3.39. Клиентті сәйкестендіру/ол жүргізетін операцияларды авторландыру мақсатында қосымша:

3.3.39.1. Банктің деректер базасына салынатын Клиенттің фотосуретін (болған жағдайда);

3.3.39.2. Клиенттің биометриялық деректерін (Клиенттің тиісті өтініші болған жағдайда);

3.3.39.3. басқа да сәйкестендіру деректерін пайдалануға;

3.3.40. Клиенттің және/немесе қосымша картаны ұстаушының картаға қандай да бір жапсырмалар жапсырғаны анықталған болса, Клиенттің/қосымша картаны ұстаушының кез келген операциясын жүргізуден бас тартуға **құқылы**. Бұл жағдайда Банктің қызмет көрсетуден бас тартуы Банктің Шарт талаптарын бұзуы болып табылмайды. Егер Клиент/қосымша картаны ұстаушы картадан жапсырманы(ларды) алса, картаны ауыстыру талап етілмейді, картаны Банк алып/ұстап қалмайды.

3.3.41. Клиенттің өтініш білдіруі негізінде Банктің өзіне-өзі қызмет көрсету құрылғыларында қолма-қол ақшаны пайдалана отырып жүргізілген даулы операция сомасын Банктегі Клиенттің Шотына аудару арқылы қалпына келтіру немесе қолма-қол ақша түрінде касса арқылы беру.

Банк:

3.4.1. Төлем картасын шығаруға өтініш алынған күннен бастап 15 (он бес) банк күні ішінде және Клиент Тарифтерге сәйкес картаны шығару және Шотқа қызмет көрсету сыйақысын төлегеннен кейін Клиентке Шот ашу, картаны және оның ДСН-конвертін (карта басылған ДСН-конвертімен шығарылған жағдайда) Клиентке немесе оның заңды өкіліне немесе Клиент берген нотариалды куәландырылған сенімхат негізінде әрекет ететін оның сенім жүктелген тұлғасына беруге;

3.4.2. Шотқа, картаға Қазақстан Республикасының заңнамасына, Шартқа, Қағидаларға, Интернет-банкинг қызметтерін ұсыну талаптарына, Банк операцияларын жүргізудің жалпы талаптары туралы қағидаға және Банктің басқа да ішкі қағидаларына сәйкес қызмет көрсетілуін қамтамасыз етуге;

3.4.3. Банкке ақша түскен және тиісті түрде ресімделген төлем құжаттары алынған күні Клиенттің пайдасына түскен ақшаны Банктің банктік күні ішінде Шотқа аударуға;

3.4.4. сұрату алынған күннен бастап 10 (он) банк күні ішінде Клиентке қосымша үзінділер беруге;

3.4.5. Клиентті жаңа редакциядағы баяндауды, Шарттағы, Қағидалардағы, Тарифтердегі толықтыруларды қоса алғанда, барлық өзгерістер, толықтырулар қолданысқа енгізілетін күнге дейін күнтізбелік 15 (он бес) күннен кешіктірмей, ақпаратты филиалдарда/бөлімшелерде және Банктің веб-сайтында www.halykbank.kz электрондық мекенжайы бойынша орналастыру арқылы хабардар етуге. Бұл ретте Шартқа, Қағидаларға, Тарифтерге өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу туралы хабарламада Банк Клиенттің өзгерістер және (немесе) толықтырулар қолданысқа енгізілетін (қолданылатын) күнге дейін, егер оны Банк белгілесе, Шартты бұзғаны үшін қосымша комиссия төлемей бұзу мүмкіндігі туралы көрсетеді.

3.4.6. Банк алаяқтық қаупі жоғары елдер тізімін www.halykbank.kz электрондық мекенжай бойынша орналастырады және жаңартып отырады;

3.4.7. карта Банк бастамасымен бұғатталған жағдайда бұғатталған немесе өзгертілген күннен бастап 10 (он) банктік күні ішінде Клиентке жазбаша не Push-хабарлама арқылы хабарлауға;

3.4.8. Операцияны жүргізуден бас тарту, тоқтату, Шотты, картаны бұғаттау, сондай-ақ операцияның Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес келуі үшін негіз болмаған кезде Клиенттің электрондық құжаттарын орындауға;

3.4.9. алынған, жүргізілген және бас тартылған электрондық төлем құжаттарын электронды тіркеу журналында тіркеп отыруға;

3.4.10. Клиенттің, соның ішінде картасын пайдаланумен байланысты даулы жағдайлар туындаған кезде Клиенттің өтінішін қарастыруға **міндеттенеді**. Төлем картасын ұстаушының өтінішін қарау мерзімі:

1) санкцияланбаған операцияны өтеу туралы өтініш бойынша – мұндай өтінішті алған күннен бастап күнтізбелік он бес күн ішінде Банк клиентке санкцияланбаған операция мөлшерінде ақша сомасын өтейді немесе себебін көрсете отырып, санкцияланбаған операцияны өтеуден бас тарту туралы хабарлама жібереді. Үшінші тұлғалардан ақпарат алу арқылы қосымша зерттеу немесе тексеру жүргізу қажет болған жағдайда Банк төлем картасын ұстаушының өтінішін қарастырады және Қазақстан Республикасының ішіндегі операциялар бойынша күнтізбелік отыз күн немесе шетелде жүргізілген операциялар бойынша күнтізбелік алпыс күн ішінде шешім қабылдайды;

2) үшінші тұлғалардан ақпарат алу талап етілмейтін стандартты даулы жағдайларды қарастыруға өтініштер бойынша – өтінішті алған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен аспайтын уақытты құрайды;

3) үшінші тұлғалардан ақпарат алуға және зерттеуге қосымша уақытты талап ететін операциялар бойынша:

Қазақстан Республикасының аумағында өтінішті алған күннен бастап 30 күннен кешіктірмей Банк ХТЖ-ң ережесіне сәйкес арызды түбегейлі қарау мерзімін көрсете отырып, ағымдағы зерттеу нәтижелері туралы ақпаратты жібереді;

шетел операциялары бойынша ұқсас хабарлама клиентке өтінішті берген күннен бастап 45 күннен кешіктірмей жіберіледі.

3.5. Осы арқылы Клиент комиссияны, тұрақсыздық сомасын, шығыстарды және алымдарды, соның ішінде Шарттың 3.3-тармағының 3.3.2, 3.3.18, 3.3.20-тармақшаларында көзделген жағдайларды қоса алғанда, Шарт бойынша берешек сомасының барлығын, сондай-ақ

Шот дұрыс жүргізілмеген кезде Шотқа аударылған ақшаны, Банкпен бекітілген банктік шот туралы шарттар, төлем картасын шығару және қызмет көрсету туралы шарттар бойынша Клиенттің Банк алдындағы өзге берешек сомаларын Шоттан тікелей дебеттеу арқылы алуына өзінің сөзсіз және кері қайтарылмайтын келісімін білдіреді.

3.6. Клиент пен Банкте Шартпен, Қағидалармен, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен қарастырылған құқықтар мен міндеттер бар.

4. Есеп айырысуды жүргізу талаптары

4.1. Шот теңгемен/АҚШ долларымен/еуромен/Ресей рублімен/Біріккен Корольдіктің фунт стерлингімен/Қытай юанімен/БАӘ дирхамымен жүргізіледі.

4.2. Шот бойынша көрсетілетін қызметтер үшін Банк Тарифтерге сәйкес белгіленген мөлшерде сыйақы ұстап қалады. Тарифтер Банктің веб-сайтында www.halykbank.kz электрондық мекенжайы бойынша орналасады.

4.3. Банктің карталары үшін Төлем карталары жүйесімен есеп айырысу валютасы АҚШ доллары/еуро/Ресей рублі/Біріккен Корольдіктің фунт стерлингі/Қытай юані/БАӘ дирхамы болып табылады. Төлем карталарының жүйесі арқылы жүргізілген Карталық операцияның сомасы осы карталық операция бойынша Банкпен есеп айырысатын күні Төлем карталарының жүйесінде белгіленген бағаммен АҚШ долларына/еуроға айырбасталады. Бұл ретте Банк Төлем карталары жүйесімен есеп айырысудың өзге валюталарын белгілеуге құқылы. Банк Клиент алдында Төлем карталар жүйесінің карталық операция валютасын есеп айырысу валютасына айырбастау бойынша әрекеттері, соның ішінде карталық операция бойынша есеп айырысу валютасының тарнзакция валютасынан айырмашылығы үшін жауапкершілік арқаламайды.

4.4. Ай сайынғы үзінді Клиентке немесе Клиенттің берген сенімхаты негізінде әрекет етуші оның сенім жүктелген тұлғасына Клиентке қызмет көрсетілетін Банк филиалында тапсырылады, Интернет-банкінте немесе өзіне-өзі қызмет көрсетуші электронды құрылғылар (банкоматтар, киоскілер) арқылы жіберіледі. Мыналар:

4.4.1. арнайы құрылымдық бөлімшелердің клиенттері үшін Ай сайынғы үзінді электрондық почтамен жөнелтілуі немесе қолына берілуі мүмкін;

4.4.2. «Электрондық поштаға үзінді» қызметіне қосылған клиенттер үшін Ай сайынғы үзінді электрондық почта бойынша жіберілуі мүмкін.

4.5. Клиент Ай сайынғы үзіндіні алған күннен бастап 5 (бес) банктік күні ішінде Банк одан талап-арызын алмаған болса, бұл Клиенттің ондағы көрсетілген ақпараттың дұрыстығын растағаны болып саналады.

4.6. Авторизация сомасы Клиенттің Шоттағы қолжетімді ақшасынан және осы Шартта қарастырылған негіздеме бойынша Шоттан осы соманы алып қойғанға дейін немесе Банк Авторизация сомасына төлем жүргізілмегені туралы растама алғанға дейін шығарылады (бұғатталады). Бұл жағдайда, егер карталық операция бойынша авторизация Шотты жүргізу валютасынан бөлек валютада жүзеге асырылатын болса, овердрафттың туындауын алдын-алу мақсатында Банк Клиенттің қолжетімді ақша сомасынан қосымша түрде авторизация сомасының 1 (бір) пайызын алып тастайды (бұғаттайды).

4.7. Мультивалюталық карта бойынша шығыс операцияны авторизациялау сәтінде қаражатты бұғаттау операцияның барлық сомасына мына тәртіпте орындалады:

1) бұғаттау карталық операция (транзакция) валютасына сәйкес валютада Шоттағы операцияның барлық сомасына, осы Шотта ақшаның жеткілікті болуына қарамастан орындалады. Шотта транзакция валютасында ақша жеткіліксіз болған жағдайда, авторизациялау күнінде мультивалюталық картаның басқа Шоттарынан ақшаны тікелей дебеттеу арқылы толықтыру (аудару) орындалады, толықтыру кезінде алып алынатын жеткіліксіз соманы аударуға төлем құжатын өңдеу сәтінде Банк белгілеген, валютаны қолма-қол емес сатып алу/сату бағамы бойынша айырбастау іске асырылады;

2) мультивалюталық картада транзакциялау валютасында Шоты болмаған жағдайда, шығыс операцияның барлық сомасына бұғат салу және ары қарай ақшаны есептен шығару валютасы Төлем карталары жүйесімен есеп айырысу валютасына сәйкес келетін Шотында орындалады, Visa International жүйесі карталарынан басқасы.

Visa International жүйесі карталары бойынша, егер транзакция валютасы еуро, Ресей рублі, БАӘ дирхамы немесе Біріккен Корольдіктің фунт стерлингі болса, онда ақшаны бұғаттау және есептен шығару әрқашан теңгедегі Шотта орындалады. Егер транзакция валютасы көрсетілген

валюталардың (еуро, Ресей рублі, БАӘ дирхамы немесе Біріккен Корольдіктің фунт стерлингі) ешқайсысына сәйкес келмесе, онда ақшаны бұғаттау және есептен шығару валютасы Төлем карталары жүйесімен есеп айырысу валютасына сәйкес келетін Шотында орындалады;

3) мультивалюталық картада операция бойынша Төлем карталар жүйесімен есеп айырысу валютасында Шоты болмаған жағдайда, онда карталық операция бойынша ақшаны бұғаттау және ары қарай есептен шығару теңгедегі Шотта орындалады.

4.8. Карталық операция валютасын Шотты жүргізу валютасына айырбастау тәртібі:

4.8.1. егер Шотқа түсетін ақша валютасы Шот валютасынан өзгеше болса, Банк Шотқа түсетін ақшаны төлем құжатының түсу сәтінде Банк белгіленген ағымдағы күнгі валютаны қолма-қол емес түрде сатып алу /сату айырбастау бағамы бойынша жүзеге асырады;

4.8.2. Шот бойынша карталық шығыс операциясы Шот жүргізілетін валютадан басқа валютамен жүргізілетін жағдайда Банк алынатын ақша сомасын карталық операция жүргізілетін валютаға айырбастауды төлем құжатының түсу сәтінде Банкте белгіленген ағымдағы күнгі валютаны қолма-қол емес түрде сатып алу/сату бағамы бойынша жүзеге асырады;

4.8.3. Валютаны қолма-қол емес түрде сатып алу/сату бағамын Банк күнделікті орнатады және www.halykbank.kz электронды мекенжайындағы Банктің веб-сайтында орналастырылады. Валютаны қолма-қол емес түрде сатып алу/сату бағамын Банк нарықта қалыптасқан жағдайларға байланысты ағымдағы күннің ішінде өзгертуі мүмкін;

4.8.4. клиент мультивалюталық карта бойынша «Айырбастау» операциясын Интернет-банкінгте жүргізген кезде (бір мультивалюталық картаның Шоттары арасында ақша аудару), Банк төлем құжатын өңдеу сәтінде Интернет-банкінгтегі операциялар бойынша белгілеген валютаны қолма-қол емес сатып алу/сату бағамы бойынша айырбастауды орындайды.

4.9. Банкоматтарда/өзге де қашықтықтан сату арналарында қолма-қол ақшамен немесе ақша аударымын Шотқа/картаға жіберу арқылы шотты толтыру кезінде Банк Шотқа ақша аударғанға дейін Клиентке карталық операцияларды жасау үшін толтыру сомасын дереу пайдалануға мүмкіндік береді. Аударымды Шотқа есептеуге арналған төлем құжаттарының түсу мерзімі 5 (бес) банк күніне дейін болуы мүмкін. Шотқа жіберілген аударымдар бойынша Банк қате деректемелер болмаған төлем құжатын алған банк күнінің соңына дейін Банкке келіп түскен төлем құжатының негізінде ғана Шотқа ақша есептейді.

Шотты банкоматтарда/өзге де қашықтықтан сату арналарында қолма-қол ақшамен немесе Шотқа/картаға аударым жіберу жолымен толықтыру кезінде, Банк Шотқа ақша есептелгенге дейін толықтыру сомасы есебінен Клиенттің Банк алдындағы кез келген міндеттемелері бойынша, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ақшаны алып қоюға құқығы бар үшінші тұлғалардың нұсқаулары бойынша берешегін өтеуге құқылы.

4.10. Клиенттің нұсқауын санкцияланбаған төлемнен және/немесе ақша аударымынан қорғау іс-әрекеттері тәртібімен қабылдау кезінде мыналарды қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей, қорғау іс-қимылдарының мынадай элементтері пайдаланылуы мүмкін:

банкоматтардағы және POS-терминалдардағы ДСН-код жиынтығы, 3D Secure/ SecureCode/ Authentication Mode by UPI дұрыс пароль жиынтығы және/немесе Интернет желісінде тауарлар мен қызметтерге ақы төлеу кезінде CVV2-кодты/CVC2-кодты көрсету;

Клиенттің / Клиент өкілінің Банктің үй-жайында төлем құжатына өз қолымен қол қою;

Клиент Банкке жеке өзі келген кезде, Банк Клиенттің Сенімді нөміріне SMS-хабарлама немесе Интернет-банкінгтегі Push-хабарлама түрінде аударымның (төлемнің) негізгі шарттары туралы және Клиенттің Банк қызметкеріне парольді хабарлау кезінде осы шарттармен келісуі туралы хабарлама жіберетін Банктің қызметкеріне бірреттік парольді айту;

Клиент Банкке жеке келген кезде оған аударымның (төлемнің) негізгі талаптары туралы және Клиенттің осы шарттармен келісуі туралы ақпараты бар Клиенттің сенімді нөміріне SMS-хабарлама немесе Интернет-банкінгтегі Push-хабарлама түрінде бірреттік парольді SMS-хабарлама арқылы Клиенттің Банкке жауап жіберуімен жіберу;

Банк төлем қызметін көрсеткен кезде Клиентті динамикалық сәйкестендіруді пайдалану;

Клиенттің төлем құжатына электрондық цифрлық қолтаңбамен қол қоюы;

Клиенттің өкілі төлем құжатына қол қойған кезде, оның Банкке сенімхаттың түпнұсқасын ұсынуы және Банктің сенімхат түпнұсқасы бойынша Клиент өкілінің төлем құжатына қол қою өкілеттігін тексеруі.

Банк төлем қызметін көрсеткен кезде Face Pay жүйесін пайдалану. Бұл жағдайда есептен шығару Клиенттің интернет-банкингте таңдай алатын (өзгерте алатын) негізгі картасынан жүргізіледі.

4.11. Клиент Банкке кепілге берілген жылжымайтын және жылжымалы мүліктен ауыртпалықты (кепілді) тіркеу/ауыртпалықты тоқтату үшін мемлекеттік бажды төлеу мақсатында Банкте ашылған Клиенттің банктік шоттарын тікелей дебеттеуді жүзеге асыруды тапсырады, ал Банк өзіне міндеттеме алады.

Осы Шартқа қосыла отырып, Клиент Банкке кепілге берілген жылжымайтын және жылжымалы мүліктен ауыртпалықты (кепілді) тіркеу/ауыртпалықты тоқтату үшін мемлекеттік баж сомасын тікелей дебеттеу жолымен Банктің төлем ордері негізінде Клиенттің банктік шоттарынан алуға Банкке сөзсіз және қайтарымсыз келісім береді.

Аударымдар бойынша операциялар Клиенттің банктік шотында ақша жеткілікті болған жағдайда және Клиенттің банктік шоты бойынша Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес уәкілетті органдар және/немесе тұлғалар белгілеген тыйым салулар және/немесе шектеулер болмаған жағдайда ғана жүзеге асырылады.

Клиенттің шотынан ақшаны тікелей дебеттеу мемлекеттік баж сомасы мен бенефициардың деректемелері көрсетілген Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті / «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ ұсынған төлем туралы мәліметтер негізінде жүзеге асырылады.

5. Тараптардың жауапкершілігі

5.1. Банк:

5.1.1. Банк құпиясын жария еткені үшін - Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес;

5.1.2. Клиент пайдасына Банкке келіп түскен ақшаны Шотқа есепке алуды кешіктіргені үшін – әрбір кешіктірілген күн үшін уақытында есептелмеген соманың 0,02 %-ы мөлшерінде;

5.1.3. Шот бойынша қате жүргізілген операция үшін. Бұл жағдайда Банктің жауапкершілігі қателесіп жүргізілген операцияның күшін жоюмен шектеледі;

5.1.4. Клиенттің картаны жоғалту, ұрлану немесе картаны рұқсатсыз пайдалану туралы хабарламасы күшіне енген соң, оның кінәсінен жасалған рұқсат етілмеген төлемді жүргізгені үшін. Рұқсат етілмеген төлемді жүргізумен байланысты залалы Банктің Шотқа рұқсат етілмеген төлемді және рұқсат етілмеген төлем жасалғаны үшін комиссия сомасын қайтаруы арқылы өтеледі;

5.1.5. Клиентке төлем қызметін орындаудан негізсіз бас тартқаны **үшін жауапкершілік арқалайды**. Егер Клиент қызмет үшін комиссия төлеген болса, Банк Клиентке залалды Клиент төлеген комиссия мөлшерінде өтеп береді. Егер Клиент қызмет үшін комиссияны төлемеген болса, Банк Клиентке залалды бір айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде өтейді.

5.2. Банк:

5.2.1. үшінші тараптың картаға/ Priority Pass/ Dragon Pass клубтық картасына қызмет көрсетуден бас тартқаны;

5.2.2. карта бойынша сатып алынған тауарлар, жұмыстар мен қызметтердің сапасы;

5.2.3. карта бойынша үшінші тарап белгілеген, Клиенттің/қосымша карта/ Priority Pass/ Dragon Pass клубтық картасын ұстаушының мүддесіне ықпал етуі мүмкін лимиттер, шектеулер мен қосымша сыйақылар;

5.2.4. Клиенттің/қосымша карта/ Priority Pass/ Dragon Pass клубтық картасын ұстаушының жоғалған/ұрланған картаны /қосымша картаны бұғаттау туралы Банкке уақытында өтініш бермеуінің салдары;

5.2.5. бөтен телефон нөмірінің «SMS-парольдерді жеткізу» сервисіне қосылуына байланысты, сондай-ақ сенімді нөмірді басқа біреудің телефон нөміріне тіркеуіне/өзгертуіне байланысты, Интернет-банкингте парольді қалпына келтіру немесе қолма-қол ақшасыз операцияларды жүргізу үшін жіберілген бірреттік SMS-парольдерді беруіне байланысты Клиентке/қосымша картаны ұстаушыға келтірілген залалдың толық көлемде беру Клиентке /қосымша картаны ұстаушыға келтірілген залалдың толық көлемінде;

5.2.6. Клиент Жәрдемақыларға арналған арнайы шот ашпаса, мемлекеттік бюджеттен және (немесе) Мемлекеттік әлеуметті сақтандыру қорынан төленетін жәрдемақылар Шотқа түскен жағдайда, Банкке уәкілетті мемлекеттік органдардан және/немесе лауазымды тұлғалардан Шот

бойынша шығыс операцияларын тоқтату, Шоттағы ақшаға тыйым салу туралы шешімдер/қаулылар, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес акцептсіз ақша алуға құқығы бар үшінші тұлғалардың нұсқаулары түскенде Шоттың/картаның, соның ішінде Шот бойынша шығыс операцияларын тоқтатып және Шоттағы ақшаны өндіріп алу арқылы бұғаттау салдарына;

5.2.7. Шарттың 3.3-тармағының 3.3.37-тармақшасында көзделген санкцияларға байланысты Клиенттің төлем нұсқауларын орындаудан бас тартқаны немесе орындалуын тоқтатқаны, сондай-ақ Клиентке осымен байланысты келтірілген залалдар үшін;

5.2.8. Клиенттің Интернет желісінде карталық операциялардың жүргізілуіне шектеулерді өшіру салдары үшін және осы жағдайда Шоттан рұқсатсыз алынған ақша сомасын Клиентке өтеп бермейді;

5.2.9. Клиент конфиденциалды болып табылатын 3D Secure/SecureCode/Authentication Mode by UPI паролін жария етуінің салдары үшін және осы жағдайда Шоттан рұқсатсыз алынған ақша сомасын Клиентке өтеп бермейді;

5.2.10. Клиент 3D Secure/SecureCode паролінің түрін (статикалық/динамикалық) таңдағаны үшін;

5.2.11. Клиент Банктің карталарын пайдалану арқылы төлемдерді жүргізу үшін интернет желісінде интернет-дүкендерді/web-сайттарды таңдау салдары және және web-сайттардың қауіпсіздігін тексеру бойынша Банктің ұсынымдарын сақтамағаны үшін;

5.2.12. техникалық ақаулықтар болған жағдайда (электр қуат беру мен байланыс желілерін ажырату/бұзу, бағдарламалық жасақтаманың ақаулықтары, егер бұл Банктің кәсіпкерлік тәуекеліне жатпайтын болса және процессингтік орталықтың және Банктің деректер базасының регламенттік (техникалық) жұмыстарын жүргізу, халықаралық төлем жүйелеріндегі техникалық ақаулықтар), егер бұл Банктің Шарт талаптарын орындамауына әкеп соқтырған Банк қызметкерлерінің әрекеттерінен болмаса, жауапкершілік арқаламайды;

5.2.13. Бинарлы опциондар саудасы, форекс операциялары, инвестицияның барлық түрі, валюта айырбастау, валютамен алып-сатарлық жасау, құмар ойындар саласында қызметтер, сонымен қатар қаржылық шығын тәуекелімен байланысты басқа қызмет түрлерін көрсететін кәсіпкерлердің операцияларында клиенттің қатысуы бойынша кез келген ықтимал жағымсыз салдар үшін;

5.2.14. карта ұстаушының келісімін талап етпейтін төлем құжаттары негізінде үшінші тұлғалардың Шоттан ақшаны есептен шығаруы нәтижесінде болған карта ұстаушының зияндары үшін;

5.2.15. Шот бойынша карталық операциялар жүргізуге байланысты Клиент пен қосымша карта ұстаушысы арасындағы қарым-қатынасқа;

5.2.16. ақша аударымдары мен төлемдерін жүргізген кезде карта ұстаушының дұрыс емес/жеткіліксіз деректемелер көрсетуіне;

5.2.17. жұмыс берушінің карта ұстаушыға Жалақы жобасы бойынша тарифтер туралы (және олар өзгерген жағдайда) ақпарат бермеуіне, сонымен қатар карта ұстаушыны Жалақы жобасынан шығаруына байланысты карта ұстаушы мен оның жұмыс берушісі арасындағы қарым-қатынасқа;

5.2.18. Шарт талаптарына сай карталық операциялардың валютасын айырбастауға байланысты карта ұстаушының қосымша шығыстары/зияндары үшін;

5.2.19. карталық операциялардың валютасын есеп айырысу валютасына айырбастау бойынша Төлем карталары жүйесінің іс-әрекеттеріне, оның ішінде карталық операциялар бойынша есеп айырысу валютасының авторизациялау валютасынан айырмашылығы үшін;

5.2.20. карталық операцияларды жүргізуге кедергі келтірген, оның ішінде карталық операция бойынша ақша аударымын аяқтауға кедергі келтірген, Төлем карталары жүйесінің және/немесе карталық операцияны жүргізуге қатысатын корреспондент банктің іс-әрекетіне.

5.2.21. қосымшаларында Банк шығарған карталардың төлем деректемелері байланыстырылған мобильді құрылғыны үшінші тұлғаға беруге байланысты, сондай-ақ үшінші тұлғалардың алаяқтық және өзге де құқыққа қайшы әрекеттеріне байланысты (соның ішінде, бірақ олармен шектелмей: Клиенттің мобильді құрылғысы мен деректерін заңсыз иемдену, картамен операциялар жасауға, банктік заемды ресімдеуге әкеп соғады Клиентті жаңылыстыру тәсілдері), Клиенттің санкцияланбаған операцияларды жүргізуі нәтижесінде Клиентке/қосымша карта ұстаушыға келтірілген залал;

5.2.22. Төлем карталары жүйесінің Клиенттің өтініші бойынша Банк бастамашылық жасаған қаржылық талаптарды қабылдаудан бас тартуы:

- American Express төлем картасынан жасалған 25 АҚШ долларынан кем сомаға рұқсатсыз операция немесе оның басқа валютадағы баламасы бойынша;
- кәсіпкерлердің белгілі бір тобында (әуе, т/ж, қонақүйлер, круиздер, жалға беру фирмалары және т. б.) өткізілген 25 АҚШ долларынан немесе оның басқа валютадағы баламасынан кем сомаға транзакциялар);
- MasterCard картасы бойынша жүргізілген 35 (отыз бестен) астам транзакция бойынша;
- Visa картасынан жасалған 35 (отыз бес) транзакциядан артық.

5.2.23. картаны үшінші тұлғаларға беруге байланысты Банкке/карта ұстаушыға келтірілген залал;

5.2.24. QR-кодты пайдалана отырып төлемді жүзеге асыру кезінде карта ұстаушы енгізетін операция сомасының дұрыстығы;

5.2.25. Төлем карталары жүйесінің Карта Ұстаушысы QR-кодты пайдалана отырып төлемді жүзеге асыру кезінде операцияның дұрыс емес сомасын енгізген жағдайда ақшаны қайтаруды жүзеге асырудан бас тартқаны;

5.2.26. ақша жөнелтуші-үшінші тұлғаның Клиент осы тұлғадан ақша алу құралы ретінде тандаған Клиент картасына ақша аударудан бас тартқаны;

5.2.27. Клиент пен ақша жөнелтуші үшінші тұлға арасындағы, оның ішінде Клиенттің картасына ақша аудару жөніндегі үшінші тұлғаның міндеттемелерін орындауға және клиенттің үшінші тұлға алдындағы міндеттемелерін орындауға байланысты қатынастар (олар болған кезде) үшін;

5.2.28. АТМ арқылы карт-шотқа ақша толтырғанда алушының енгізілген ЖСН/төлем картасы нөмірінің деректері үшін;

5.2.29. Өзін-өзі жұмыспен қамтығандарға арналған режиммен алынған кірістер (қабылданған төлемдер сомалары және басқа есептілік түрлері) бойынша уәкілетті органдарға деректер мен есептілік беру үшін **жауапкершілік арқаламайды.**

5.3. Клиент:

5.3.1. жоғалған/ұрланған картаны/ Priority Pass/ Dragon Pass клубтық картасын бұғаттау туралы өтінішті Банкке уақытында бермеуінің салдарынан – Банкке келтірілген залалдың толық көлемінде;

5.3.2. Шотқа қате есептелген ақшаны Банкке қайтармағаны үшін – Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес;

5.3.3. Шот бойынша ақшаның жұмсалудың жеткіліксіз бақылағаны, Қағидаларды және Шарт талаптарын сақтамағаны үшін – Банкке келтірілген залалдың толық көлемінде;

5.3.4. Клиенттің/қосымша карта ұстаушының кінәсінен Банк шеккен шығыстар мен сот шығындары үшін – Банкке келтірілген залалдың толық көлемінде;

5.3.5. Клиенттің, сондай-ақ қосымша карта ұстаушылардың фродо-қауіпті елдерге барып келгеннен кейін картаны қайта шығару/ауыстыру жөнінде Банкке уақытында өтініш жасамау салдары үшін, сондай-ақ Банк алаяқтық қауіпі жоғары елге барып келген Клиентті/ қосымша карта ұстаушыны картаны қайта шығару/ауыстыру қажеттігі туралы хабардар еткен кезде Клиенттің (кез келген негіздеме бойынша) мұндай картаны қайта шығарудан/ауыстырудан бас тартуының салдары үшін. Бұл ретте Банк жоғарыда айтылған жағдайларда Шоттан рұқсат етілмеген ақша сомасының алынғаны үшін жауапкершілік арқаламайды және соманы өтемейді;

5.3.6. Банктің сұратуы бойынша даулы жағдайды қарастыруға өтінішті және/немесе даулы жағдайға қатысты құжаттарды (мысалы, тауар/қызмет ақысын қолма-қол ақшамен төлегені туралы чек, Клиенттің даулы жағдайды дербес реттеу әрекеттерін дәлелдейтін Интернет-кәсіпкермен хат жазысулары туралы материалдар және т.б.) бермегені немесе уақытында бермегені;

5.3.7. Шартты бекіткен кезде Клиенттің Банкпен ерекше қарым-қатынастағы тұлғаларға жататындығы туралы ақпараттың берілмегені немесе сенімсіз ақпарат берілгені;

5.3.8. Картаны шығаруға/ қосымша картаны шығаруға өтініш-сауалнамада, карталар базасындағы деректерді өзгертуге арналған өтініште, картаны қайта шығаруға арналған өтініште сенім білдірілген нөмірді көрсетуге арналған өрісте бөтен нөмірді, сондай-ақ сенім білдірілген нөмірді АТМ (Банктің банкоматы) арқылы бөтен телефон нөміріне тіркеу/өзгерту және басқа біреудің телефон нөміріне және Банктің <https://www.Homebank.kz> / веб-сайтындағы Интернет-банкінгінде және Android және iOS платформаларына арналған Google Play және App Store

дүкендерінде және/немесе SDK Halyk Widget арқылы Серіктестің мобильді қосымшасында жарияланған «Halyk» мобильді қосымшасында басқа біреудің телефон нөміріне сенімді нөмірді өзгерту кезінде көрсетудің салдары;

5.3.9. Шоттағы ақшаны пайдалану үшін орнатылған мобильдік қосымшалар үшін, Шоттағы ақшаны пайдалану үшін мобильдік қосымша орнатылған мобильді телефонды/планшетті/девайсты жоғалтқаны үшін және мобильдік қосымшаға қосылған картаның бұғатталғаны туралы Банкті дер кезінде хабардар еткені үшін;

5.3.10. 3D Secure/SecureCode қызметінен ажыратылғаны үшін;

5.3.11. 3D Secure/SecureCode/Authentication Mode by UPI паролін жария еткені үшін;

5.3.12. 3D Secure/SecureCode паролінің түрін (статикалық немесе динамикалық) таңдағаны үшін;

5.3.13. қосымшаларда Банк шығарған карталардың төлем деректемелері байланыстырылған мобильді құрылғыны/девайсты үшінші тұлғаға беру салдары;

5.3.14. транзакция валютасын таңдау салдары үшін;

5.3.15. Банктің төлем картасын пайдалана отырып төлемдер жүргізу үшін интернет желісінде интернет-дүкенді/сайтты таңдау салдары үшін және сайттардың қауіпсіздігін тексеру бойынша Банктің ұсынымдарын сақтамағаны үшін;

5.3.16. картаны кәсіпкерлік қызметке (Өзін-өзі жұмыспен қамтығандарға арналған картаны қоспағанда), сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынатын тауарларды, жұмыстарды және/немесе қызметтерді төлеуді қоса, қандай да бір заңсыз мақсаттарға пайдалануға болмайды деген міндетті орындамағаны үшін;

5.3.17. заңды тұлға құрмастан жеке кәсіпкерлік қызметпен айналысатын жеке тұлғаларды салық есебіне тіркеу, қою мәселелерін реттейтін Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте (Өзін-өзі жұмыспен қамтығандарға арналған картаны қоспағанда);

5.3.18 Halyk мобильді қосымшасында және/немесе SDK Halyk Widget арқылы Серіктестің мобильді қосымшасында авторизациялау параметрлерінің сақталуы үшін;

Клиент Halyk мобильді қосымшасында және/немесе SDK Halyk Widget арқылы Серіктестің мобильді қосымшасында клиенттің авторизациялау параметрлерін қолдана отырып жасалған банктік операциялар клиенттің атынан жасалған болып саналады және мұндай операциялардың салдары үшін барлық жауапкершілік Клиентке жүктеледі деп келіседі және растайды.

5.3.19. QR-кодты пайдалана отырып төлемді жүзеге асыру кезінде көрсетілген төлем сомасының дұрыстығы үшін;

5.3.20. АТМ (Банк банкоматы) арқылы төлем картасын толтырған кезде бенефициардың төлем картасының нөмірін және/немесе ЖСН дұрыс көрсетпегені **үшін жауапкершілік арқалайды.**

5.4. Тараптар міндеттемелерінің ішінара немесе толық орындалмауы еңсерілмейтін дүлей күш жағдайларының салдарынан: өрт, су тасқыны, жер сілкінісі, электр энергиясы көздеріндегі ақаулар және Тараптардың бақылауынан тыс болатын басқа да жағдайлар салдарынан болса, Тараптар мұндай жағдайлар әрекет ететін кезең ішінде жауапкершіліктен босатылады. Бұл ретте Тараптар өз міндеттемелерін тиісінше орындау үшін жағдайды неғұрлым тез арада қалпына келтіруге барынша күш салуға және қолдан келетін шараларды қолдануға міндеттенеді.

6. Дауларды шешу тәртібі

6.1. Шартты орындау барысында туындайтын барлық даулар мен келіспеушіліктер мүмкіндігінше Тараптар арасындағы келіссөздер арқылы шешіледі.

6.2. Келісім арқылы қол жеткізілмеген даулардың барлығы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының соттарында шешілуі тиіс.

6.3. Тараптар даулы мәселелерді шешу кезінде дәлел ретінде ақпаратты машиналық тасымалдаушылардағы, сондай-ақ электронды түрдегі (операциялар электронды түрде куәландырушы орталықтан берілген тіркеу куәлігі болған кезде электрондық цифрлық қолды пайдалану арқылы жасалса) операциялар туралы деректерді тану жөнінде келіседі.

6.4. Жазбаша хабарламалар екінші Тарапқа оған қол қойғызып тапсырылған немесе төлем картасын шығаруға өтініште көрсетілген мекенжай бойынша тапсырыс хатпен жіберілген жағдайда (пошта түбіртегі болса) екінші Тарап алды деп есептеледі.

6.5. Клиенттің шығындарын Банк негізді деп мойындаған жағдайда, Банк оларды Банк пен Клиент арасындағы келісіммен анықталған нысанда және мерзімде төлейді. Клиент шығындары соттың шешімі арқылы мойындалған жағдайда, Банк оларды соттың шешіміне сәйкес орындайды.

7. Шарттың қолданылу мерзімі, оны бұзу, тоқтату және өзгерту талаптары

7.1. Шарт Клиенттің Төлем картасын шығаруға қол қойылған өтініш-сауалнамасын Банк қабылдаған және Шарт талаптарымен танысқан күннен бастап күшіне енеді. Шартты бұзу және тоқтату Шарт талаптарына сәйкес жүргізіледі.

7.2. Шарттың, Қағидалардың, Тарифтердің кез келген өзгерістері мен толықтырулары Банк Клиентті Шартта белгіленген тәртіпте хабардар еткен күннен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күн өткен соң күшіне енеді.

7.3. Шарт бойынша орындалмаған міндеттемелер жоқ болса, Клиент Банкке тиісті жазбаша хабарлама жібере отырып және Шарт шеңберінде шығарылған карталардың барлығын өткізу арқылы Шарттан бас тартуға құқылы:

7.3.1. Шарттың бұзылуы белгіленген күнге дейін күнтізбелік 30 (отыз) күн бұрын,

7.3.2. осы Шартта белгіленген тәртіпке сәйкес Банк Шартқа, Қағидаларға, Тарифтерге енгізетін өзгерістер және (немесе) толықтырулар қолданылатын күнге дейін;

7.4. Шартқа, Қағидаларға, Тарифтерге өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу туралы Банктің хабарламасы болған кезде Клиент Шартқа және/немесе Қағидаларға және/немесе Тарифтерге өзгерістер және (немесе) толықтырулар қолданылатын күнге дейін Шартты бұзғаны үшін қосымша комиссия төлемей, егер оны Банк белгілесе, Шарттан бас тартуға құқылы. Егер Банк Клиентке Шартқа, Қағидаларға, Тарифтерге өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу туралы хабарлағаннан кейін және осындай өзгерістер және (немесе) толықтырулар қолданысқа енгізілетін (қолданылатын) күнге дейін уақыт кезеңінде Клиент осы өзгерістермен және (немесе) толықтырулармен келіспеуіне байланысты Шарттан бас тартпаса, онда осы уақыт кезеңінен кейін Шарт Шартқа, Қағидаларға, Тарифтерге өзгерістер және (немесе) толықтырулар ескеріле отырып, қолданылуын жалғастырады, енгізілген өзгерістерді Клиент қабылдаған болып есептеледі.

7.5. Банк Шартта, заңнамада көзделген жағдайларда, Шартты болжамды бұзатын күнге дейін күнтізбелік 30 (отыз) күн бұрын, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында бұдан қысқа мерзім көрсетілмеген болса, Клиентке тиісті хабарлама жіберу арқылы немесе көрсетілген мерзімдерде Банктің halukbank.kz/ мекенжайы бойынша корпоративтік сайтында/Банк таңдауымен өзге бұқаралық ақпарат құралдарында тиісті хабарламаны орналастыру арқылы Шарттан бас тартуға құқылы.

7.6. Шарт бұзылғанда:

7.6.1. Шотқа қызмет көрсетілгені үшін Клиенттің төлеген сыйақысы қайтарылмайды;

7.6.2. Клиенттің Банк алдындағы берешегі өтелгеннен кейін Шоттағы ақша қалдығы Клиенттен келіп түскен жазбаша нұсқауға сәйкес осы жазбаша нұсқау келіп түскен күннен кейінгі келесі банктік күннен кешіктірмей, Клиентке қолма-қол ақшамен беріледі немесе Клиенттен түскен жазбаша нұсқауға сәйкес оның банк шотына аударылады;

7.6.3. Клиент оған және қосымша карта ұстаушыларға шығарылған барлық картаны жоюға міндетті.

7.7. Шарттың қолданылуы Тараптар арасындағы өзара есеп айырысу толығымен аяқталғаннан кейін тоқтатылады. Шартты бұзу және оның қолданылуын тоқтату Клиенттің Шотын жабу үшін негіздеме болып табылады.

7.8. Шартта, Қағидаларда қарастырылмаған басқа талаптар бойынша Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын басшылыққа алады.